

SA(Soas)
242

Өміре ӨРІШ

Mazgas

Әміре ӘРІН

Мәздәк

ӨЛЕНДЕР, ТОЛҒАУЛАР, ПОЭМАЛАР

3934

ТАДЫКОРГАН
ОРТАЛЫҚТАҢЫРНЫГАЧ
КИТАЛХАНА ЖУМБЕРСЕН



Алматы — 2007

ББК 84 Каз7-5

Ә 68

**Әміре ӘРІН.
МАЗДАҚ**

Ә 68 (Өлеңдер, поэмалар)-Алматы: "Курсив", 2007 ж. — 200 бет.

ISBN 9965-9062-8-9

Тұмысында сыршыл ақынның соңғы жылдары жазылған өлеңдерінде өмірдің шарайнасынан сүзіп алынған мөлдір сезімдер моншақтай түзіле құшақ ашады. Қөніл күй лирикасы бірде әуеге шарықтаса, енді бірде жаныңызға көптен бері қөлеңкесін түсіріп жүрген көп қырлы жайттарды көз алдыңызға көлденендетеді.

Өмір-өзеннің бар болмысын өз өрнегінде боямасыз қабылдап отырғандай ақ жарма күйге бөленесіз.

Өлең өлкесінде өз есімі, өз қолтаңбасын айшықтап алған ақынның ізденистері бірден аңғарылады. Мәртебелі поэзияның туабітті табиғатының өзі осынау асыл арнаға келіп тоғысса керек.

Ә 4702250202
00(05)-07


ББК 84 Каз7-5

ISBN 9965-9062-8-9

© Әрін Ә., 2007

Бірінші бөлім

*Мәуда Мәңір,
жығ-жалын үзілір
береңдің...*



Тәуба, Тәңір

Бақыттымын!
Мен бүгін бақыттымын.
Дұр дүние!
Сыр ашты ғашық жырым.
Адастырмас ай маңдай армандарым,
Қол бұлғайды
Шатқал, шың, асып Қырым!

Жыр дастаны толқындаپ көкжиектен,
Көк аспаным –
саф самал, өпті беттен.
Шартарапқа шырай-нұр,
Арай шашқан.
Ақ жаулықты пәк тандар өнді неткен!?

Өндір едім,
Мен де бір өндір едім.
Шу асауды қазір де көндіремін,
Ақ сағымын аңсаған ақ шынардай,
Ғазалымға ғұмырда мөлдір едім.

Бар тағдырдың таңбасы талайымда,
Берілер ең бейуақыт қалай мұнға.
Бір өзінсің –
Жампоз жұрт табынарым.
Үкіле кел!
Шығамын талай шынға!

Тәуба, Тәңір!
Жыр-жалын ғұмыр бердің.
Киял тұнып, қыырдан тұғыр көрдім.
Елім барда,
Дос-жаран бәрің барда,
Жамалында жайнаймын жұмыр жердің.
Тәуба, Тәңір!
Жыр-жалын ғұмыр бердің!

xxx

Откенім менің - өпкенім,
Самғаған сэттер – көкте мың.
Жарыстым ағыс,
желменен
Парызыым әлі көп менің.

Кескінім тұсті көлдерге,
Қайталай және мөрлер ме?
Шыңырау құдық қаздым мен,
Қауғамды сайлап шөлдерде.

Ащының дәмін айырдым,
Бағасын біліп қайыр-мұн.
Сағымды қуып сапарда,
Сыйласы болдым сай ұлдың.

Болады-ау кейде бар ғайып,
Бейmezгіл өскін сарғайып.
Елес боп келді Елуім,
Білмедім менде бар ма айып!..

Ғарыш ғасыр

Бойымда батпан салмақ,
асыл парыз.

Ғарышқа тән ғаламат ғасырдамыз,
Үнің анық,
жүзіңе қан жүгірген,
Жауыңа да жарқыным, жасырманыз.

Жұлде ілген кейпім бар аптықпаған,
Жақыннынан көп бұрын жат құптаған.
Жасампаздық,
жанартау лебі өседі.
Сенім арттым тағы да, Жастық саған!

Батырлық та,
бекзаттық Елтаңбада,
Жаңан елеп көреді,
ел таңдана.
Қол созады әлемге құшақ жая,
Астанамен айбарлы желтең дала!

Күмбір-күмбір үн тәгіп көне ғасыр,
Жәдігермен жол нұсқап демеп жатыр.
Тіршіліктің тэй-тэйі тұсау кескен,
Қазығұртта тас бейне кемем жатыр.

Жайна жұлдыз!
Жарқыра айым менін,
Жүргегімді тербейді қай үн менің?!
Самғар сәтім таяды алып шыңға,
Сапарласым сен өзің дайын ба едің?

Жасыра алман,
жасынан далалықпын.
Текті жүртты Тұраннан дана тұттым,
Жаратылыс жаршысы жанған оттан,
Көшпендейлер жан сырын ғажап үқтый!

Қараталым

Әлдилер әлі де сол ала таңың,
Тұлеген тұнығында бала шағым.
Киелім,
берерім көп әлі қанша,
Жоқ сенде арындым-ау, алашағым.
Қазына.
Қасиет қонған, Қараталым.

Құлаған таудан төмен болмысыңа,
Сүйсінгем елден бұрын қолды ұсына.
Ақ күміс араласқан ағысында,
Қызыққам көрші қыздың шолпысына.

Жағаң саз,
өрің тастақ,
суың балдай,
Бас алмай періште қыз жуынардай.
Айнала ақ шатыр боп көрінетін,
Сиқырлы,
көзді байлар буың қандай?!

Тамсанам,
тағы да айтам,
тоқтай алман,
Талыңнан анам таңдал оқтау алған.
Сағынам,
Санам бусап жағалауда,
Самал жел қойса егер соқпай алдан.

xxx

Ойларымның ағып түскен жасыны,
Өрге соғып,
маңдай беттөн тасыды.
Сары шилі,
сартап,
сағым даламнан,
Талып жетер бозбаланың жас үні.

Дұр дүниеге пәк көңілмен келгендін,
Батпан салмақ бедер салды белден мың.
Әуен тербеп,
әуе кернеп қанатты,
Айсыз тұнде желге қарсы желгендін.

Ақ толқында тағат таптай тербелдім,
Ертегіме өзім әбден сенгенмін.
Аңсарыма Арым мәңгі жұптасып,
Ел таппасын деп келемін ерден мін!


Ақ аспанинан бұлт аласы арылсын,
Ұраным бұл – Ұлы жолда барым шын.
Бәйге төрден барша қазақ танылсын –
Құраным бұл - Құдай жолда танырсың!

Боранды күн

Бас салады оқыстан боранды күн,
 Жоғалады Ару Ай толар бүтін.
 Боранды күн!
 Тас мерез, тарпаң мінез,
 Із таба алмай жолында жоғалды кім?..

Басыларсың бас соғып,
 болар бітім.
 Солықтарсың - болмысың қалар күтім.
 Аңсары бар,
 Арманы, Ақ жол үсті,
 Сең соққандай сенделіп тоналды кім?..

Боранды күн!
 Таңбаң тұр маңдайымда,
 Тағдыр жазса көрермін қандайын да.
 Тылсымың бар,
 сенің де, бір шының бар,
 Айтшы қәне,
 басқа жол таңдайын ба?!



Шырқау әннің шідері

Шиге оранған шіркін-ай,
сол бір дөңдер,
Бал құрактай біздерді өндір деңдер.
Заман ауып кетсе де, қоғам шауып,
Сол елесті Ей, Уақыт, сөндірмендер!

Белесті құм,
бел шенгел сауырында,
Қатар өрген ақ нөсер, дауылын да.
Дөңши атты ауыл бар шырақ жаққан.
Тентегі де қынқ етпес қауымында.

Ұнар ма екен өзгеге,
ұнамай ма,
Теңеп келем қыздарын құралайға.
Ұрын барып жүрет дейд небір жігіт,
Ақынынан ақ лебіз сұрамай ма?!

Атқан таң –
көрер қызық түсінгенге,
Күн тимес көп құбылып күтінгенге.
Ауылым,
Атажұртым аман ба деп,
Шошимын кейде кірпі түсімнен де.

Шырқау әннің шідері – қайырмасы,
Болмаған-ды ауымның қайың, тасы.
Аяғы көл,
белі шөл,
басы балдыр,
Бар ауылдан бір ғажап айырмасы.

Шыдалп өстік сынақтың қандайына,
Шыған кеттік,
қалды ғой мал жайына.
Келі түйген кездерім көлденендең,
Талқан дәмі келеді тандайыма!

Ақмандайлы

Ала қашкан көнілді Ақмандайлы,
Бозымға белбеуі бос бақ қонбайды.
Бестісін арда емген місе тұтпай,
Науша жігіт алаулап ат таңдайды.

Ақмандайлы, Көктем – күн көрігі ме ең?
Көмбеде көніл өскен кезігіп ең.
Көп іші.
Көп толқыдық,
көп сыр аштық,
Айналдым алқа тұнар төзімінен.

Сан сауал сәуле шашты жанарында –
дәруі даланың да, қаланың да.
Сергідім сезім билеп,
сенім ұштап,
Бөлініп ойым онға,
санам мыңға.

Арман құс.
Ақ шағала, Ақмандайлы,
Гүл әкеп ұсынамын бақтан сайлышы.
Жер шарын жеті орап қайтса-дағы,
Кай жігіт жүзін көріп шаттанбайды,
Ардағым.
Асыл бейне, Ақмандайлы.

xxx

Көңілімнің көздең көлін табамын,
Сезім сазын тербел өріп жазамын.
Салсам деп келем, аңсаумен келем,
Көктемгі сонау керім қыз әнін...

Кестелі бейне – жұлдызым менің,
Сағымсың енді – құндызым ренім.
Желкенім желсіз тұсалған тұста,
Демеген елес қыр қызы едің.

Жаныма жақын – жылы бұлақтар,
Шөліркеп келіп құлын тұрактар.
Кездеспей кеткен ақ койлек қызға,
Шешімі шәркез қиын сұрақ бар...



Әміре ӘРІН

Адамзат аңсар сырныңды

*...Жылдарым менің жылдарым,
Жазылмай қалған жырларым....*

М.Мақатаев.

Жазылмай қалған жырларың -
Адамзат аңсар сырларың.
Жылдарың, қайран жылдарың -
Өлеңге шалған құрбаның!

Жалынын алып жылдардың,
Басыңа апта,
жыл бардым.
Асқақ рух билеп бойымды,
Жіпсітті жонын қырлардың.

Жырларың әрлеп жер бетін,
Жылдарың елес елге тым.
Жалғады жырың ғасырды,
Беу, Мұқа,
жұртқа сенбе тым...

Сенбегей Уақыт-жалғанға,
Қайыр жоқ мұра,
малдан да.
Жыр-тұлпар ғарыш самғап жүр,
Өзгесі Сізге Арман ба?
Басқасы бізге Арман ба?..

Тәнірдің сыйы – Құлансаз,
Ақынға тәнті
– Ұран саз.
Күн-жырға күмбір үн қосар,
Жарқырап, жайран Тұран саз.

Таралып тағдыр баяның,
Қол созып күнге таядың.
Күрмеліп қалды-ау бір әуен,
Шырқайын, айтшы, қай әнің?..

Хантәңір!
Таудың асқары,
Бел балаң жырдың аспаны.
Бекзаты мына заманың,
Біле алмай жүр-ау басқаны!

Ай туып оңнан қияқты,
Есіліп ерке күй ақты.
Музалы Мұқаң соңынан,
Өлеңге бару ұятты...
Аттыға еріп аландал,
Аң аулап жүрген сияқты...

Жазылмай қалған жырларың -
Адамзат аңсар сырларың.
Жылдарың, қайран жылдарың -
Өлеңге шалған құрбаның!

xxx

Ес жиятын ертелең кез де келді,
Тыңдай-тыңдай сарсыдық езбелерді.
Елекенің ергеңі таусылмайды,
Қаңбак құрсақ қайтемін өзгелерді.

Құм бораған көзімнің ашылғаны,
Алашымның аршылған асыл – жаны.
Долы дауыл өрекпіп тосылса да,
Көк бораны көңілдің басылмады.

Өмір түлеп өксиді сайын дала,
Келімсектер кергиді майы тама.
Көмейіңе тамызған өлмес тамшы,
Өзегіңе нәр сызып жарыта ма?..

Сабыр дейді, бір үнім сабыр дейді,
Халқым жанын қайракқа жаныр дейді.
Қалай десен, олай де, енді досым,
Ит екеш, итің де енді сақ үрмейді...

Кімдер қалып, кімдерің озбак әлі,
Көкейімде көп жайттар қоздар әрі.
Қарай, қарай құла дүз көзім талды,
Қорқыт атам қобызы боздағалы....

Тұлпар жолы

Дәу атамның кераты-ай!
Ала шапқан,
Қызығыңа батқанбыз бала шақтан.
Кесілгенде көз сүзе көк сағымға,
Шаң қосарлық өзіне қара таппан!


Ер-тұрманың баяғы үйімізде,
Әр береді бүгінгі күйімізге.
Еске алар көп өзінді таңдай қаға,
Тұлпарым-ай, туғаннан сыйын түзде.

Керемет-ау, кері аттың жараганы,
Инеліктей,
қырым ет, таранады.
Терін ала қосқанда таңды-таңға,
Қара жердің болады тар алабы.

Құлагер қапталдасса шабар еді,
Тұлпар-түяқ құрышы қанаң еді.
Батыраш,
Қотыраштар тал келмесе,
Бір жасап қалың елі қалар еді.

Куә болдық аламан алғаныңа,
Түгел ағам үстінде самғауына.
Қиқу келіп тұр әлі құлағыма,
Жұлдыз жолың айналды арманыма!

3934



Әмбеб ӘРІН

Сәнді шаңар

Талдықорған – тал-шыбық отанындей,
Өлең!

Қалай шыдарсың қотарылмай,
Қаңтарда да көп жүрем көшесімен,
Неткен мейір!

Көрмепті-ау, жотам мұздай!

Ай-арудан мін таппай тұра қалдым,
Айтарымды күбірлеп құрап алдым.
Қол бұлғаған бозбала бұрылыстар,
Әлі өзіңе сан рет сұранармын.

Сымбатыңа суретің қойындастып,
Барған сайын барады бойың тасып.
Абақтыңда ән салған Пышан сері,
Шежіре-күй кернейді ойымды ашып.

Талдықорған – бал ма екен тамырларың,
Мәңгі көктем,
Мыңсайрам мамырларым.
Қызығамын!
Қызғанам, көбіне көп,
Жетпей жатар мақтарға жанрларым.

Сәнді шаңар талайды тамсандыrap,
Сұлу мойның еркем деп барсаң бұrap.
Құшағына алғанда қысып-қысып,
Мылқауға да тіл бітіп, таң қалдыrap.

xxx

Кемерінен Қаратал асады екен,
Осы тұста мінезі аса бөтен.
Айныңпай-ақ қойғаны-ай табиғаттын,
Сағасында өстім ғой,
қатар мекен.

Сай-саланы толтырып,
Қырқа бетті.
Бет қаратпай,
Ен бойлап, жырғап отті.
Сол-ақ екен жер жайнап, шырай еніп,
Балық ойнап,
Күс ән сап, сырға бөкті.

Қаймақ тұнған Қаратал егіз бе едің,
Ансап келсем алдымен сені іздедім.
Мактап келем бойынды,
Баптап келем,
Қандай өзі, Қаратал, дегізбедім.



Басқан із

Із қалған ілгеріден кейінгіге,
Бірде тасып, бірінде кейіп жүре.
Ары таза Алаштың арда ұлы,
Беріле ме із тастап, бейімдіге.

Қыл қобыздан үн шығар безектеген,
Тағдыр сырын бөліскен кезекпенен.
Қазағымның ізі бар жақпар таста,
Су теспеген,
сан ғасыр жел өтпеген.

Бізді айналып кетпеген мұң да білем,
Ақиқатым бәріне мың да бір ем.
Ата-баба ізі әне жайнап кетті,
Құлпыргандай көктемде қырда кілем.

Иә, солай, ешкімнен ісім кем бе,
Ашыр жаным ат ұсті ісінгенге.
Бар шындықтың шылбыры шарайнада,
Басқан із – баянды өмір түсінгенге.



Ақиқат

*Справедливость – единственная истинная связь между людьми и нациями
(С.Цвейг).*

Арман бар ма,
Ақиқат айта алғанда,
Сөзің су бол, бетінен қайтарғанда.
Махамбет те сөз-қанжар сұғар сэтте,
Еділ жұрты түрған-ау байтак алда.

Әппақ әлем әділдік аялайды,
Тау да білем саялар қарағайды.
Алай-түлей,
Ақ боран, дауылдан соң,
Бұлғтың өзі көп мезгіл тарамайды.
Ұғына алмай жүреді-ау жаңа жайды...

Жыры жебең анамның жөргектегі,
Жеті қырдан аса алдым жер-көктегі,
Арманымның ақ құсы қолымдағы,
Айналамды айшықтап өрнектеді.

Сол өрнекте әділет үн-сыры бар,
Бел баласы Алаштың үнсіз ұғар.
Күміс шуақ тұмшалар бейmezгілде,
Сейілсін деп келемін күнсіз мұнар.

Жаным бірде кетеді,
тұлеп кенет,
Ақық сырым аққұман шұмектенет.
Ақиқатты Ар тұтып айтуда үшін,
Ақиқаттан жаралған жүрек керек!


Бұгілген бұтак

Аласа бұтак бүгіліп белі,
Жоғары жалтақ қарады.
Кетер ме екен үзіліп өзі,
Бұральш тіпті барады.

Биік бұтактар селт етпей тұрды,
Қиналған бұған қарамай.
Қол созған оны беттетпей ұрды,
Жүрегін мұлдем жарапай.

Бауырлық қайда бұл бұтактарда,
Тұзде де салттың тозғаны-ай.
Не десем екен тұл сұрақтарға,
Айтарын бар ма, толған-Ай?!

Соқса да содыр уәзірі бастан,
көтерер салмақ ауырын,
караша үйдің қадірі қашқан,
еziліп кетті-ау бауырым...



Құпия

Білем кымбат әркімге де құпия,
Құлыптанса құпияң сол – құп, иә.
Тұла бойда тозаң түспес тас камал,
Алдырмаңтын қыран мекен – құс ұя.

Құпия еді еріп ерін сүйгенім,
Елігіммен ерте елтіп, құлгенім.
Жасырдым мен жалбыз бейне ұсынған,
Тереземде ұзак солған гүл реңін...

Құпия ғой құлап, қайта тұрғаным,
Шындық ізден шаққан сәтім жырға мұн.
Есенгіреп ессіз күйден оянсан,
Су тамызды таңдайыма бір кауым.

Құпия шын,
Күннің кәрін төккені,
Айта алмадым ағаларға өкпені.
Өнбес жерде өлерменге жол бердім,
Мұным үшін мейлі-мейлі сөк мені.

Бұдан бетер,
Ойхой, тағы сөк мені...
Сокпак салдым жүре алмайтын көп теңі.
Іргем аулақ,
Үнім айғақ,
Әйтсе де,
Дейтіндерден бұл жалғанда көк теңі.

Құпия иә, таң шапағы,
Жете күн,
Тек бір сырым –
Жұмбак әлем өте тым.
Әуреленбе!
Ол – құлпытас-құпия,
Сонғы демде Рухпен ұшып кететін!

Не дер ең?

— Көз алдында суалып,
Көлің қалса қуарып,
Бұл тажалға не дер ең?

Бота ертпей боз інген,
Тайлак өссе өзінен,
Танданарсың, не дер ең?

Билік шіркін білімге,
Бас имесе бүгінде,
Бұл жүйеге не дер ең?

Жамбы алыш жағымпаз,
Десе саған “Бағын аз!”,
Базар топқа не дер ең?

Сұрамсақтан – сұғанақ,
Туып жатса құр жалақ....
Ішің тартып, не дер ең?

Дарақы да дана боп,
Бұл дүрмекке дауа жоқ.
Демің бітпей, не дер ең?

Жампоз жасап жақсылық,
Көріп жүрсө тапшылық,
Күйінбей сен, не дер ең?

Өсек болып өсері,
“Бағы жанса” бес елі,
Тіл кеспесен, не істер ең?!

Аяқ асты тап келіп,
Қылтаң тұстан шап беріп,
Кездік сұқса, не істер ең?!

— Шешіндіріп жалан бұт,
Халық толы алаң ғып,
Зынданда мен кептер ем!

Бедер

Балқаштың балдыр тұнған бал сұына,
 Күмп берсөң,
 кеуде тосар малтуыңа.
 Мың сәуле үйіріліп мандайыңа,
 Күміс күн шабыт қосар шалқуыңа.

Қадымнан қарайластың сай ұлыңа,
 Қазір де үнсіз ұқтың жайды мына.
 Қайыра қасиетті,
 Қарт Балқашым,
 Жыр-кесте сурет салдым айдыныңа.

Мұнартып қадау-қадау аралдарың,
 Тамшынан
 Тұнық күйде жаралғамын.
 Жағаңнан толқын тербел ұзап кеттім,
 Бойымнан бедер тауып бар алғаным.

Көнілмен көкжиек-көл кемерлеймін,
 Сағаңнан сая тапсын нелер мейлің.
 Келер шақ –
 Кемел шаққа керуен түзер,
 Балқашым,
 Бағынды ойлап елеңдеймін.

Жолды кесіп барады,
Көк алалы көп жылқы.
Албырт айғыр қарады,
Алабұртып өң-түркы.

Жат көрсөн де жануар,
Жаным жылып салады.
Түркі тектес қаны бар,
Тұлпар билеп сананы.

Сар даламның сәнісің,
Сайран құрап тақ тұрып.
Құрық салар, кәні кім?
Кете бергін, лақтырып!



Ызғар

Бірде олай шығатын,
Бірде былай,
Бектергіде құн кеткен күндерім-ай!
Бедер безіп бектен де,
Бегімнен де,
Ер – жетекте, жер – дауда,
Жұлде – мұнай.

Ала қашқан арманды жылдар өтіп,
Тамызда да табаннан ызғар өтіп.
Еркелігін ескермей бұла таңын,
Ер-тұрманмен іркілдік,
Құз-жар жетіп.

Құрысталған көбейіп,
Құл ұстаған,
Қыл мойынға тұзақ сап,
Құныс қоғам.
Қырым етін жалданса қандастарым,
Қара жерде қалайша тыныс табам.



xxx

Қанат жалғап қазанат,
Елдік ұқтый, езі кім...
Елгежей сөз мазалап,
Ашық күнде мезімін.

Ақ боз үйде тоңып ән,
Ұялайды тау-сайды.
Жер-Ананың жонынан,
Аңзы тері саулайды.

Білектілер тең туып,
Енді бүгін – бой артық.
Кетсем бе екен жел қуып,
Қорасанға қой айттып.

Арқалаймын, Атар Күн,
Ғасыр жүгін түк емес.
Айласындай татардын,
Ұршық өмір – гүл елес.

Жел соға ма толағай,
Алтын күрек балайтын.
Ақын әркез толған ай,
Ақ сүт үйып тарайтын.


xxx

Алыс-алыс тауларға,
Алтын қанат жетсем бе,
Атам жүрген бактарға,
Жүрек емін екsem бe?

Өркеш-өркеш құмдарға,
Өрмелеп біr шықсам-ау.
Қара жерде құn бар ма?
Нәсібіm ең – қыс таяу...

Бұйрат-бұйрат толқынды,
Алсам ба еken көгендеp.
Тау асарда олқымды,
Теңіз-төрден көrem кеп.

Тау самалы сыр ұқтым,
Тағат табар шағымда.
Қиыр далам,
Қылыштым,
Сенде тудым! Бағым, ә!



“Оқжетпесі” қазақтың (Сәкен Сейфуллинге)

Заман жұтты, не шара?!

Түсө алмады бек ара.

Қапы қалды қазағың,

Кешіре гөр, кеш аға!

Бұйығы иә, көңілім,

Бәсек дүния өр үнім.

Арыс бейне алыстап,

Кейпінде көк бөрінің.

Дүрмек еді ту сынған,

Зұлымдық тек ұмсынған.

Ата тектен леп алған,

Айналдым беу рухыңнан.

Кемел-келбет, кеңдігің,

Нұрға бөлер жер түгін.

Тал бойыңнан байқалар,

Тенденім мен елдігім!

Бедел-сыйға бөлендің,

“Отарбамен” жөнелдің.

Қосағыңа алшы бір,

“Оқжетпесі” өлеңнің.

Әуез, әуен тербеген,

Сөз өнерін зерлеген.

Жақұт тартып жайнайды,

Ой түюге тер төгем.

Тоқсан толғам тұсы бар,

Тоты құстай ұсынар.

Жібек есіп жыр маржан,

Шілтер сезім ысырап.

Бойыңды бір ұйытып,
Оңаза ойды “ұлытып”,
Қауашақ қап пенделер,
Қалғандай-ақ құнысып.

Сұңқар едің сыланған,
Арқалаған қыр – арман.
Жете білген женіске,
Жеке дара Тұраннан.

Сөз өнердің серкесі,
Түркі жұрттың еркесі.
Қайнатар-ау қанымды,
Қыршын ғұмыр келтесі.

Ел-Үкімет міндетін,
Тыңдырып беу күнде-түн.
Санасты сан бөлініп,
Еншісі тек жұлде-тін.

Ардағы еді Арқаның,
Жұрттың жоқтар хал-қамын.
Алаш асқан Айбозым,
Қай қырыңды айтамын.

“Оқжетнесі” қазактың,
Аңыз-ғұмыр – аз-ақ күн.
Жарық жұлдыз жұтылды,
Бодауында азаптың.

Бүгін бейне барыспын,
Азат жұрттын, тағы ұштым.
Көрем, аға, өзінді,
Көгінен түу Ғарыштың!

Жыр-желкеннің кемесі,
Сәкен – заңғар елесі.
Өскін ұрпақ жадында,
Поэзия белесі!

Кереметім – Көлсайым

Көрсем деп келген едім алып ұшын,
Бас алмай алдым судан қанып ішіп.
Құс сайрап, құлжа азырап,
аю аунар,
Дөп бассаң қылтаң тұстан – аның ішік.

Шыныңдай сан құбыла мөлдірейді,
Сабасы сағақ асып көл шірейді.
Терекпен мың тербеле тұрган бикеш,
“Ақ тыын басыма әне төнді” дейді.

Пай-пай, пай!
Неткен ғажап қарағайлар,
Сокпақ сал,
Сән-салтыңмен аралай бар.
Қиялай көкке өрле,
Қиял жалға,
Төменде құшақ ашар жага жайлар.

Білесің – біздің көңіл әппақ әлем,
Көлсай-ау,
Сендей жақұт таппаған ем.
Шіренсем – көлде жүрген шетелдікке,
Исінбей жатқаны де жатқа денем.

Шолпиды күміс суда форель балық,
Шың асар ұшқыр ойым,
Дәлел анық.
Сездің бе,
Жұмбақ көлім, сен арқылы,
Барады қазағынды бар ел танып.

Кереметім – Көлсайым,
Көзайымым,
Тартылған гәуңар нұрдан жез айылың.
Тағы да,
Тағы келем із суытпай,
Тамашаң тән ийтіп гөзалы мың.

Қарт-ғұмыр

Жүрісі де қартыңның білінбейді,
Аяғына қара жер ілінбейді.
Жапалақтап жауған қар салмақ тартып,
Қол шатыры қолында дірілдейді.

Қарт абылап барады соқпақпенен,
Мына мимырт тірлікті «боқтап» ерен.
Табиғаттың заңы деп илансақ та,
Осы қартты өзім де қостап келем.

Уа, дариға, күндер-ай, бастан өткен,
Тауға шығып, шық тұным,
Аспан өпкен.
Шу асауды бүгілтіп,
белді басып,
Тесіп шыққан тар қылта, тасбөгеттен.

Көз ұшында көрінген құлжадайын,
Тау асып, турап тастап тұған айын.
Манат сәтте манаурап,
мандай желпіп,
Ән төгер-ді, беу дәурен – «Дударайын».

Намаздыгер,
намазшам арасында,
Сұрамай-ақ барасың,
қаласың ба?
Қаламқасты тіл қатпай тұрғызатын,
Күндер қалды бозбала, нанаңың ба!

Қалқалатқан шактар-ай,
камқалата,
Бұлдіргендей тұрленткен қамқа-мата.
Салтанатпен самғаған сайыпқыран,
Көптен бері кейпінде қамқор ата...

Жүрісі де қартыңның білінбейді,
Аяғына қара жер ілінбейді.
Жапалақтап жауған қар салмақ тартып,
Қол шатыры қолында дірілдейді.

Бір шыбық

Қыр үстінде бір шыбық,
Өскен еді күлшынып.
Дамыл таппай ақ дауыл,
Сабалайды қырсығып.

Ғазиз жүрек жаралы,
Уақыт берер бағаны.
Тірлік неткен тәтті еді,
Бойын тіктең алады.

Бір шыбық-ау, бір шыбық,
Қалмағайсың тұншығып.
Бұйда бұлғтың үстінен,
Келе жатыр Күн шығып.

Саздау жерден ары асып,
Қайдан келдің адасып.
Сәуегей де емеспін,
Берер едім бал ашып.

Жылтытар ем жағып от,
Бұта, шөпшек-тағы жок.
Жетім көңіл жапанда,
Кетпегейсің тағы бол.

Белін буып-танғыздым,
Білген емді салғыздым.
Аландаумен келемін,
Тағдырына жалғыздың.

Жел бастаса ызыңын,
Шырылдаймын, шыбығым.
Талмаз мынау дәуірде,
Таусылмасын қызығың.

xxx

Арман-құсым,
Ізіңе ере алдым ба,
Тұсауланып қалдым ба төр алдында.
Айым оңдан туғанда ақтарылып,
Байғазыға бір тоғыз берे алдым ба.

Асулардан алқынбай аса алдым ба,
Асая көңіл алтығын баса алдым ба.
Көлдей шалқып қуаныш тербегенде,
Көңіл тасып,
көзіме жас алдым ба.

Нағыз Мәжнүн дертіне шалындым ба,
Әлде ұшпа сезімге малындым ба.
Бала ғашық алдыға ала қашып,
Сағынбасты сарғая сағындым ба...

Көздемедім Алқаны,
Тағынды да,
Қияр едім Ар үшін бағымды да.
Ойым онға кетеді,
санам саққа,
Бейнем бүгін шырақ бол жағылды ма?..

XXX

Самға, самға,
көнілім, самға, самға,
Құшагымды көк аспан, жалғасам ба.
Муза!
Саған құмарым қанбай койды,
Өмірімді өлеңге арнасам да.

Бәрі бекер,
бәрі өтер мына бастан,
Бал бұлақтар күйге енер жылап аққан.
Ай қорғалап туар-ау,
інір деңдең,
Қоңыр қобыз үн төгер қыр-алаптан.

Тұра қашқан уақыт-ай,
тұра қашқан,
Алып едім жылы сөз жұрағаттан.
Жамандық па, құрысын айта көрме,
Кіділерден аулакпын құлан атқан.

Гарыш беттеп кеткен-ді ғазалдарым,
Өмір көштен көбіне наз ауладым.
Ақ желең ем,
алғаусыз желі тарттым,
Бал сезімді баянды базарладым.

XXX

Сарыжүртта тербелер қамыс құрак,
 Бой балқытар бұл өзі таныс тұрақ.
 Баласы Жәлменденің жұлдыз жанған,
 Біздің жақтың ұлдары намыстырақ,
 Мен де шіркін талаймен алыстым-ақ.

Қамыс құрак,
 қол бұлғап қалай қалдың,
 Ішіне ендім көк күмбез сарайлардың.
 Пәтиха...
 Пайымым бар,
 Пәрмен тұрдым.
 Сөзіне көп иланым талайлардың.
 Асылы, алғы кезде абайлармын...

Көл жағалай құмарттық қоғаларға,
 Балғын әсер, пай-пай-ау, жоғалар ма.
 Ақ мамығын қуалап көп қоғаның,
 Дәрмен таппай жүруші ек догарарға.

Бал құрактар,
 Бал дәурен, балалық шақ,
 Елге барсам бәріне қалам ұқсан.
 Әсерленем, ән төгем, әлдиленем.
 Ой толғатып,
 отырам қалам ұстап,
 Томсырайған тан алды далама ұқсан.

Шиліқарын

Шер тарқатқан бей-жай күн Шиліқарын,
Жаратқан да баурында иді барын.
Көк майсанда тұлымдай желкілдеген,
Пырак Пышан пернелеп күйлі сарын.

Шиліқарын сый-мекен маңдайдағы,
Тонның ішкі бауында – Қаңғай бәрі.
Тебіренем тұс-тұстан қаумалайды,
Тарих тартып, тумалар: “Пай-пай, тағы!”

Пәлен орыс төнсе де Пышан сері,
Тұсаса да сыр ашпай пышақ елі.
Тұншығыпты-ау көз-жасқа Қайша сұлу,
Қоштасыпты-ау қол бұлғап құт, ән жері.

Шилі жолым басталып сауырынан,
Тізгін тарттым өлкеден тауы тұнған.
Сағыныш тек шөлдетер жан сарайды,
Қаламсабым құргамай сауыттымнан.

Келген адам кете алмас: “Қаламын” дер,
Теріп жүрмін тұсімде лала гүлдер.
Жапанды да жадымда жаңғырады,
Бақытыма балаған бала күндер!

Әдемі қыз әдепті

Еліттің де жүре бердің жүректі,

Елік бейнең бекіндіріп тілекті.

Алданбады ыстық сезім, айнам-ау,

Тұлпар түяқ демін тартып, дір етті.

Жанарына жарық әлем тұрақтап,

Төгіледі жымиганда нұр аппақ.

Мен ғана деп ойлағайсың жаңанда,

Дегбір кеткен көңілінде сұрақ қап...

Таңғы шықтай мөлдірлікті аңсаған,

Сағ болмысқа қанар емес бар санам.

Қандай ғажап!

Әдемі қыз әдепті,

Асыл әлем осы деп мен жар салам.

Әміре ӘРІН



Перзент пәрмені

(Серік ҮМБЕТОВКЕ)

Пай-пай дерсің қазақтың данасына,
Ақ жол ашқан баталы баласына.
Парыз билеп перзенттің бар болмысын,
Жұлдыз жанаң күт күйде даласына!

Жаралғандай жасынан бақ сынарға,
Жақын тартқан жампоз-жұрт жақсыларға,
Ата тектен және де ададықтан,
Тұғырнама құйылған тақ тұраға!

Хас қырандай биіктеп дәрежесі,
Жарым қазақ бекіген дәрменесі.
Елбасына тірек бол, елмен өсіп,
Алынған-ды қайда да әр межесі!

Билік-төрде нар тұлға санатынан,
Қосары көп қазаққа жаңа, тыңдан.
Басқан ізі гүл жайнап, өніп-өсіп –
Өнегесі аңыз бол таратылған.

Сөйлем кетсе сөз-сойыл дерекпенен,
Бабалары бақ қонған жебеп кенен.
Әкімдігі әрленер ақыл-оимен,
Хәкімдердің хәкімі ерек дер ем.

Тектілігі байқалар төл ісінен,
Адамдықтың нәр алған кенішінен,
Сенім артқан Секенді көрген сайын,
“Колда, Тәңір!” деп тұраң ел ішінен!

Доскемел дастандарым

Тәңір-әлем тамсантып Наурыз таңы,
Тылсымыңа табиғат!
Таңбыз тағы.
Қылыш еніп ерек бір боз далаға,
Тұнып еріп, қар сұы андыздады.

Сая таппай сай, қырдан су бұлағы,
Ернеу асып,
еркінсіп құлдырады.
Ақкөйлек сәт сезімге сәуле шашып,
Арайланды алтын түс күн құлағы.

Көп ойлардың көк шыбық көктегені-ай,
Көк өрім қыз кешегі көп бөлек-ай!
Елік бейне болмысты еліткендей,
Таң самалы енеді төске құлай.

Қалбалақтап көк аспан қырбақ қары,
Тұмса тартып күй-көңіл ырғактары.
Құс көрінді түу-түуден,
нақ төбеден,
Төркін жұртпен қауышып, жырлап бәрі.

Жақсылыққа әр істі балаймын да,
Күндер есте көз тұнған талай мұңға.
Ақтандағы Алаштың көп болса да,
Шаттанамын айнала қараймын да.

Нәсіп еткен Наурызда ақ таңдарым,
Ұшпағай де айналып бастан бағын.
Көк пен жерді өрнектеп өріс тапсын,
Көктем көңіл - доскемел дастандарым.

Жер-Анаға – жеті жұрт асық жүр ек,
Жаратқан ие тәлейі - Тасып тілек.
Жыл аунаған қыр-белгे шақырады,
Атша тулас тағы да, Ғашық жүрек!

Еңлікгүл

(Зылиха ТАМШЫБАЕВАҒА)

Қызыр баба бата берген қыр қызы

*Баганалы таудай бол,
Шагалалы көлдей бол.
Бәйшешектей нұрлы бол,
Бәйтеректей бүрлі бол.*

Қыр қызын Қызыр баба жебеп еді,
Бақ жаңып, бәйге толта еленеді.
Сол жылы ерте шығып Еңлік гүлі
Қыр қызы шың гүліне теңеледі.

Тал бейне тірлігіне тамсанғандай,
Көкорай көк белесте майсам қандай!
Маңдай тер, моншақ-моншақ тамшылаған,
Жер-Ана өнбойына жан салғандай.

Жүретін ерке желдей дала кезіп,
Салмағын сан міндеттің сана сезіп.
Тағдыры талай жерде сынап алды,
Ұрпағын Ұмай ене дара теліп.

Мың мәрте желбіреді жалаулары,
Нұр жүзі мадақ үннен алаулады.
Дүр-дүние өзінен тылсым тартып,
Гүл әлемнен арадай бал аулады.

Кездері көп, күндері дәріптелген,
Өмір жолы – қыз жолы нәзік келген.
Көппен бірге – көктемде, қаңтарда да,
Ауылды да алтынмен әдіптелген.

Дидарында жазылған дала сыны,
Дүйім жұрты демері бар асылы.
«Тәуба» дейді, абыз қарт аман жүрсе -
Алым бейне ақ тілек жанаширы.

Жұлдызы жарқыратты Астананы,
Жазылар жаңа жырлар, дастан әлі.
Ұлылық ұлықталар сәт алдыда,
Кол қойып жатыр оған аспан әні!

Ескерткіш - елдігімнің белгісі

Көк тербеп көбен белдің көгергені,
Көш басын ғарыш самғап жебер ме еді.
Самұрық салқар жерге баурын төсеп,
Тау мұлгіп, дала бусап, демер демі.

Бас ие – бар жоғыңа жаңылыссаң,
Бағың алда – жетерсің сағым ұшсан.
Бабалардан бойтұмар бәрі бізге,
Санаң ұйып, серпілер сағыныштан.

Жусан исі жұтылып иен даламда,
Күннің көзі тұтылып бүйен соларда.
Ұран – бабам, ұйыттың бар ұлысты,
Сардарыңа салт атты киен қонар ма?!

Шаң ілеспес шалт қимыл, қарқынына?
Бағыт тұзер найзағай жарқылына.
Бас – кеменгер,
Жүрек - ер, Бабаларым,
Жаңғырады халқымның салты мына!

Ерлерін елі енді танығандай,
Ар тұнған бабалардың таңы қандай.
Ақ найза,
Қайкы қылыш,
Жалын жүрек,
Елдікті қорғап еді жаны қалмай!

Намыстан табиғаты жаратылған,
Аңыз боп ерен ісі таратылған.
Ескелді,
Балпық би мен Қабылиса,
Тарихта таудай тұлға дара тұрған.

Асқақтап Батыр, бидің бейнелері,
Тылсым күш толғандырар кейде мені.
Ертенін,
Елдігің де – Ескерткіште,
Құлақ тос: күмбірлеп тұр қеуделері.

Айналайын, әппақ әлем

Төрім саған төредей Жаңа жылым,
Бұйымтайды ең қымбат – қала бүгін.
Айдың нұрын айшықтар, жердің жүзін,
Еселенсін көл-көсір жаңалығын.

Жылым Жаңа!
Жаңғырған елім дана,
Жетелейтін Ақ желкен – сенім ғана.
Аманаттап,
арды ойлап, алға бастап,
Ақтаңгерін оздырды бегім дара.

Ескі жылға тағармын несіне мін,
Елемесе оны да кешіремін!
Тек аман-сау болсыншы халқым менің,
Еңсең түссе – тау-тастай кетілемін.

Құлдырандал құлын күн құрық жалға,
Аламансыз хас тұлпар булығар ма?!

Тәуелсіздік –
тар жолды, тайғақ кешу,
Тәуекелсіз тартысты ұл ұғар ма?!

Жыл мүйісте тоғысқан жылғаларым,
Күн жайнатып ақ мұздақ сырғаларын.
Керуен көші бет алды ағыс өрлей,
Тағат таппай тосармын бір хабарын!

Жыл сөреде тойбастар бастаған ем,
Жаңа жылым, бөлей гөр баққа кенен.
Шарайнаңнан түсірме Қазақ елін,
Айналайын жүзінен, әппақ әлем!

Ұтқаным

Жақсылық жолда ұшпамын,
Кетікті көрсем ұстамын.
Жайрандаپ жазда жүрсем де,
Қамдай да білдім қыс қамын.

Ұқсаймын кейде балаға,
Балапан күндер санада.
Далбақтап жүрер қалпымды,
Дарақы жүртқа балама...

Күбідей піскен уақытты,
Дүние мынау жақұтты.
Айнала ақ нұр себетін.
Бал мінез адам бақытты.

Ұстамын,
мен де ұстамын,
Жалғаған ғұмыр ұшпағын.
Қыырға қиян апарды,
Көгімде ұшқан құстарым.

Ұтқаным көп-ау,
ұтқаным.
Жүректе тербел ұлт қамын.
Сөйтсем де сезбей қаламын,
Аспанда шала бұлт барын...

Әміре ӘРІН

Маздақ

Гұл аңқыған көктеме шатқалынан,
Өлең өріп,
ақжелен әктарылам.
Маздақ бейне ұстамым,
маздал алып,
Дүбір тосып, думанды сапқа тұрам.

Данамен де ұғыстым, шаламен де,
Аспанмен де,
қауыштым даламен де.
Шыңдалмасаң шоқ аунап,
шар болаттай,
Қын екен тік тұру қара жерде.

Маздал келем,
әлі де маздал келем,
От-алаумен өмірді қозғап кенен.
Күйіп тұрып сан мәрте соқпақ салдым,
Жалын басар сүрлеуге саздақпенен.

Алып шықтым ақсұңқар сапарларға,
Үміт жібін жалғаумен атар таңға.
Жарық сәуле көздедім жапан тұзде,
Ұялатып жалқы нүр жанарларға.

Үн тербедім үкілеп қыл қаламды,
Сыңар санап сыр тұнған сырғаларды.
Алтын аршып көрмедіп,
күміс күптеп,
Аппақ әлем,
айналам жырға қанды.

Көкала үйрек көкке ұшып кеудемдегі,
Қанат қақсам –
жастықтың жеткен лебі.

Қырықта да Қырымнан шырай бердім,
Елу деген қазанат белдеудегі.

Қырдан асып барады киік күндер,
Пенде бар ма уақытты ұйытты дер?!
Патша көніл пәрменін байқадың ба,
Бәкене күй кешеді биік мінбер...

Жалғаны көп жаңанда жыр ұнай ма,
Ақ боранда ақ көніл жылымай ма?!
Жамбы алған жампоздар шоғырынан,
Іздегейсіз – маздаған ұлым қайда?!

Сездірсе де сыртымнан күз көмейін,
Желін тартқан жемісті ұзбе деймін.
Қиыр бетке көз салам,
қыран көкке,
Табиғатым бұл менің түзге бейім.



xxx

Мақпал тұннің құшагына алынып,
Ақ сезімнің теңізіне малынып.
Қос жүректің әлдиіне еліттік,
Ертегідей алға тартып бал үміт.

Ұмыта алман кептер-көңіл самғауын,
Тамсанғандай таңдай қаға бар қауым.
Ақ жарыла тілеп едім тәнірден,
Қанатыңың қарлығашым талмауын.

Бұлбұл құсы сайрай ма екен бағымда,
Аралап көр,
ақ моншақты тағын да.
Көк қуалап,
көп жүгіргім келеді,
Әлде мұным балғын шаққа назым ба?

Құлағымда Құлагердің дұбірі,
Әлде кімнің естіле ме-ау күбірі.
Бәрінен де асып кетіп барады,
Жұпар атқан жүрегімнің жыр үні.

Салтанаты сарайымның шалқыған,
Базарлы күн бедерінде бал тұнам.
Бақытыма, бақ құсыма баладым,
Жанарынды жарқылымен шарпыған.

xxx

Аппақ өлем жаралғаннан айғағы,
 Тумақ бар да,
 тұрмақ жоқ-ау, нақ білем.
 Бірі – тұлпар,
 бірі – қырда сайғағы,
 Жайылады жалқыларға ақ кілем.

Өмір жолын –
 бар өлшемің маздағын,
 Құдері бел қүнесінде жол ашар.
 Сайран сәтің,
 салтанатың жаздарын,
 Қоныр күзбен қыр асқанша таласар.

Бұл тіршілік –
 көлеңке басын ұзарту,
 Құн сәулесін бойға шақтап тұра алсан.
 Еркінен тыс қызарғанға құмарту,
 Жанды қинар қылтан тұста жүқарсан.

Маздақ көрдім көз ұшынан көбіне,
 Ақ жол бер деп аласұрғам аян-ды.
 Үнтам артып,
 тұнық аспан көгіне,
 Құлаш ұрғам –
 барша жұртқа баянды.

Алдым кілең бұйрат-бұйрат бел еді,
 Ай қорғалап т ua қалған, жөні ме?..
 Алау болып жарқырағым келеді,
 Маздақ түссе мимырт құнде көзіме.

xxx

Иек артып келешекке,
 Бойды тауға теңесек те.
 Санан саққа бөлінеді,
 Мойын бұрсаң берешекке.

Жұлде алу емес міндет,
 Кім айта алар теңестім деп.
 Қайық суға сала алдың ба,
 Еркін тұста ел ессін деп...

xxx

Балауса балдыр құрақ ем,
 Буынға тұсті көп салмақ.
 Шоқ түзіп,
 гүлді құрап ем,
 Болды ғой бірі өрт салмақ.

Боз інген соры бес елі,
 Боталы күйде боздайды.
 Жан қинап жауыр кеселі,
 Уытты уақыт озбайды.

Қалар ек қайран,
 тал қарман,
 Алтын басым иілер.
 Қыбын табар бал бармақ,
 Басқалар тегіс түйілер.

Оқалы шапан иықта,
 Айнала шепті құрасын.
 Мақталған жерде ұмытпа,
 Датталып кейде тұрасын.

Ән салған Арыс

Жағасын көріп Арыстың,
Көп сезіммен алыстым.
Қайырмаға қосылып,
Кербез қызбен таныстым.

Анамның салған әні еді,
Жаныма жүкқан дәнегі.
Айтасыз біздің ауылды,
Даласы қазақ мәз еді.

Тербеле берді айнала,
Толқынды сазға байланы.
Шемшідей шалқи шырқаған,
Деменіз мені қай бала?!

Күйімен тылсым тербеткен,
Ақ сәулө тартып жер-көктен.
Каратал бойы тусам да,
Арыс әнімен ержеткем.

Бұранбель биши тал қандай,
Беу, қалай тұрмын таңданбай.
Өзенге құлақ тосып ем,
Арыс та әнге салғандай,
Шемші де келіп қалғандай...

Бақай батыр

Шыдай да төзе ашынған,
 Ақберен ерім аттанды.
 Кер атын ерен күмістеп,
 Ақтық бір сынға баптанды,
 Бұйрат құм басты белінен,
 Солқылдаң жатты ақ сорың,
 Бұлаған көзін аспан-ды.

Тораңғы,
 жыңғыл тербеліп,
 Сексеуіл секем алған ба?!

Көкбөрі түсін суытып,
 Қаңарын шашар жалғанға.
 Ердің сойы елер ме,
 Бетінен алған қайтпаған,
 Қанаты жок-ау самғарға.

Көз ұшынан байқады,
 Ұйысқан жалдай қараны.
 Қолында қамыс найзасы,
 Тұлғалады дараны.
 Асқанға тосқан деген бар,
 Бір өзі мыңға шапшыды.
 Ұранға бөлеп даланы.

Ақ құмның беті былғанды,
 Күннің де көзі қалқалап.
 Безе қашты хайуан,
 Әлдісі бірін арқалап.
 Оқыра тиген сиырдай,
 Жауыз топ жәрдем сұрайды,
 Алладан пақыр жан қалап?!

Ұрпағы едім осындай,

Мынды бүккен батырдың.

Кек алушмен кердеңнен,

Танды талай атырдым.

Бас ұрганға бас ұрдым,

Тас ұрганға тас ұрдым.

Фаламның төрі қай шама,

Өрінен көрмен тайсала.

Жырын жазам ғасырдың...

Алыстан жетер дауысы,

Бақай да батыр еренім.

Қак жарып көктен түседі,

Дәрмен берген дерегің.

Ұйыта білген даланы,

Азамат ердің баласы,

Екі дүниеде сенерім!



Ұят

Ол сөйлесе білмеймін,
Мен қысылып тұрамын.
Өзінде жоқ-ау тілдей мін,
Ұға білсен ұранын...
Ас батпайды-ау бойына,
Жүрмей қалса соттаса.
Не келсе де ойына,
Жетіп жатыр оттаса.

Жері жоқ-ты шолмаған,
Шақша басы шыдамды-ақ.
Толстой ол толмаған,
Тұсірмейді бұған дақ.
Иман қайда, наласың,
Алда-жалда жолықсак.
Жаба салар жабасын,
Жүрген жақсы болып сақ.



Алпамыс пен Гүлбаршын

Уш бала біздің үйдің үш тағаны,
Базарлы балғын шаққа құштар әлі.
Анасы мөлдір аспан,
мөлтек әлем,
Уш құлын үкі тағып ұштағаны.

Алдында не тұрғанын мен бе білген,
Көп еншім енді қайтпас кенде күннен.
Арындал,
аландамай алға тарттым,
Уш перзент анасына сенгенімнен.

Келер күн бірге көрдік қалтарысын,
Ішінде тамам келін алқалысын.
Жансая бола білдің жампозына,
Әйтпесе шығар еді-ау жалтақ ісім.

Жас толқын біздей ғұмыр сүре білсін,
Бұл енді ел түйсінер тілегім шын.
Мен сениң тағдыр тартқан Алпамысын,
Гүлбаршын,
Баршынгүл де бір өзіңсің.

Тойға барам

Барамын,
тойға барамын,
Саламын Пышан бар әнін.
Біржан да өзім байқасан,
Інісі және Сараның.

Жырдың да төктім жылуын,
Қыздың да құштым сұлуын.
Биде де қыздым байқасан,
Босамай таңға буыным.

Той екен тойда жаралсан,
Жарысып дара нар алсан.
Жампозы болдым байқасан,
Той үсті тегіс қалар таң.

Әнгे де бастым тыныс кен,
Сөзге де шықтым ырыспен.
Ұпайым түгел байқасан,
Қалыс бір қалмай бұл істен.

Жолым болғыш деп айтпадым,
Жақсы қырымды қаттадым.
Ерсі деп енді кім ойлар,
Тек жылтыр көз жатқа мін...

Барамын,
тойға барамын,
Саламын Пышан бар әнін.
Біржан да өзім байқасам,
Інісі және Сараның.

Төзім

Тасқа қашап төзімімді,
Тау жаңғыртып өз үнімді.
Тік шатқалмен тарта бердім,
Батасымен арқалы елдін.

Күн күлімдеп төзімменен,
Шыңан шығып сөзім кенен.
Жібек жіптей іштен тындым,
Хас тұлпарды түстей білдім.

Төзім!
Саған қарыздармын,
Алдын алдым бар ызғардың.
Дауыл соқса дуылдадым,
Сыр бермей-ақ буындарым.

Ұйып қалды елік күндер,
Кімдер талды,
кеміп кімдер...
Таразыда төзім тұрды,
Талмай тарттым – көзін бұрды.

Серік болдым төзімге мен,
Талай таңға көз ілмегем.
Самға, самға,
кұба көніл,
Тапжылмастан тұра ма өмір.

Киелі мекен

Кадірін ішке бүккен қайран далам,
 Сар желіп салдаңкермен сайран салам.
 Керімсал,
 кербез сағым тербел көңіл,
 Кейпіңе шетсіз,
 шексіз қайран қалам.

Мына жер марғау мұйіс бабам қалған,
 Эр бұта сыр шертеді замандардан.
 Арыстанбап,
 Кожахмет рухы кернеп,
 Бойыма қан тамырмен тарамдалған.

Бабалар байтақ әлем жатыр ма екен,
 Не деген Тұркістаным асыл мекен.
 Хандарым,
 ұлт ұйытқан әулиелер,
 Осында бағадүрлер,
 батыр десен.

Қомданып көрген жерден қос қанатым,
 Келгендей Аламаннан қосқан атым.
 Бауырым деп бар қауыммен төс қағыстым,
 Тұран жұрт бұл арадан дос табатын.

Алдаспан –
 аспан тіреп дәуірінде,
 Темірдің тұспеген-ді кәрі кімге.
 Тұрғызған бұлттан асқан кесенені,
 Мән көп-ау Әмір-Темір Әмірінде...

Жұптасып жетсем сағымға

Алыстап кеткен күндерді,
Сағын сен,
қалқам сағынба,
Аңсаймын айлы түндерді,
Толқындал түзде тағы да.

Көк шалғын кезген қалай-ды,
Қошамет көрген едік-ая.
Көк құрақ досқа балайды,
Сая төр,
әрі өзі бау.

Ақ жүзің жарқын керім-ді,
Мың жігіт аттан аунайтын.
Бал тұнған өскін ерінді,
Көргеннен жүрек лаулайтын.

Көп жылдар көрік ұрласын,
Көңілге шектеу жоқ әлі.
Бәрі де бізге – ұлға сын,
Басамын әнге «Қоғалы».

Алыстап кеткен күндерді,
Сағын сен қалқам, сағынба.
Демегін дерек кім берді,
Жұптасып жетсем сағымға.

Бозбала болмыс

Сүт тұнған бозғылт бұл тұнде,
Малынып сырға мен жүрмін.
Тұмшалау оны мүмкін бе?
Құрбыға корқа сездірдім.

Торғын тұн ашып құшағын,
Жұлдыздар лағыл шашады.
Шолпы-қызың сүйіп бұлағын,
Тамшы бол қырға қашады.

Бұл неткен ғажап сәт еді,
Бұлбұлдар сайрап көктегі.
Құс жолы жайнап кетеді,
Күткендей Сені, тек Мені.

Даланың желпіп шапаны,
Мақпал үн сезім ұрлайды.
Ашып ап жүрек қақпаны,
Бозбала болмыс ымдайды...

Екінші бөлім

Қара жер ақ менишашын дайға тақты



Арай күн

Теңесіп Күн менен Тұн аймаласты,
 Қара жер ақ моншағын Айға тақты.
 Жасыл бел,
 жазира жон жайнаң қағып,
 Ұлыс Күн әуелетті «Айқабақты».

Пай-пай-ая, Тұн – «Жігіт»
 «Ару» - Күнді құшты білем,
 Бозторғай бой түзеген ұшты кілең.
 Ел жаққа
 жыл он екі ай оралатын,
 Ой түзген мен де құстың ұшқыры ем.


Жыл мойын жалғасып
 ақ таңдарыма,
 Сүт бітіп тамырынан талға мына.
 Жыр көктем аймалады қайран қалып,
 Шырқатып «Балқадиша» салғаныма!

Беу, көніл,
 көк нұрымен табысады,
 Даламның таңға тербер таныс әні.
 Қиялым қырлардан қайрылсаң да,
 Тау-шыңда мен тындырар бар іс әлі,
 Ертеңім ертегіммен жарысады...

Жанымның жақұт жырын төгіп келем,
 Жәмиғат,
 тіпті неткен көріпкел ең.
 Қанатым қаға-қаға талған тұста,
 Ақ нұр бол көк аспанды өбіп келем.

Сырласқан тал-қайыңмен,
тау-сайыңмен,
Сабасын сұлу сөздің аңсайым мен.
Желегі желбіреген Жетісудың,
Келбетін керім өріп қайтайдын мен,
Айналдым ажарлы аймақ тәй-тәйінен.

Арай күн –
Алтын кірпік күлімдейді,
Тұңлігім ашық қалсын бүтін мейлі.
Жаңа жыл –
Жаппар ием - әз Наурызым!
Сәулесі сүт-сананың сүзілмейді,
Үміті Тұран жұрттың үзілмейді!



Қазақи шаштараз

Шаштаразға барған сайын әрдайым,
Шеберінен шуақ аңсап барлайым.
Сонау жылғы Сатай атам жетіп кеп,
Сұрайтындай ауыл-аймақ хал-жайын.

Әзиз жанның ұстарасы -
жадымда,
Қарамайтын шашың жүқа,
қалың ба.
Қалың елдің сауабын беу алатын,
Күзеп,
тұзеп,
жүдеу,
пақыр,
тазын да.

Ерке-шолжаң балалары кей үйдің,
Көнбей қартқа көпе-көрнеу кергитін.
Мұндай тұста соғыс көрген ардагер,
Маңдай бұлкіп, өңі кете кейитін.

Кәрі-жасы тырс етпесе бірер күн,
Көңіл пәс бол алаңдаумен жүрер тым.
Қылышына қайырымды қартымның,
Қуыс кеуде кейбіреулер күлер тым.

Қайран қартым,
қазынам-ау,
кең кеуде,
Жатырмысың мәңгі жұмақ көмбенде,
Пұл сұрамас шаштаразы Қазақтың,
Ғайып тартты.
Шырағданың сөнгенде!

Мін тағам

Ағаларға мінім бар тағатұғын,
Тұлпар тұяқ тап баспас шабатұғын.
Жанарларын жай ғана салған болып,
Күйкі кірбін тірліктен табар тыным.

Аруларға бір мен бе таң қалмайтын,
Құс жолынан адасып, жар таңдайтын.
Ку тұлқінің у тілін татып лезде,
Ғұмыр бойы нәркескөз жаутаңдайтын.

Інілерге көңілім алаң-қайғы,
Асу аспай құр бекер алаулайды.
Қайратына айласы қайшы келген,
Қаршығаңыз құсты да ала алмайды.

Жарыма да сөзім бар айтар, достым,
Жастық сезім, жанар тау, жайнар шоқпын.
Ақ жүректі алаулап, жалаулаған,
Көлбеу сөзге сол көктем қалай қостың.

Дыбыс құра, саз тудыр,
бейу домбыра!
Жина жұртты,
тойлат-қын,
Ел қондыра.

Қарсы аламын
әр танды -
арым кәміл,
Аялаумен жырымды -
өнген бұла.

Ақ шағала, Армысың

Айналсоқтап бүгінде ақ шағала,
Ұзамайсың -
білмедім,
бак шаба ма?
Жапырағы жанымның жайнаң күйде,
Жыр ұшырып келген ем баққа мана.

Ақ шағалам -
жалғызым айдындағы,
Әрі-сәрі білесің жайдың бәрі.
Семіз айтып,
без шығар би, бектерге,
Қажет дейсің қыр белдің қай мұндары.

Ақ періштем,
Армысың,
Ақшағала,
бедел,
биік бедері -
акша ғана.

Байлық жұтқан ғарасат майданында,
Тұяқ тірер,
тұғырлы так қала ма?..

Өрт шалады, ішімді
әр таңымда,
Мықтылар да басады жорта мұнға.
Айдын түгіл,
Сен пана тауып келген,
Жұтып қоймақ даласын -
Арқаның да...

Құшак отын

Ауыл барсам ауыр ой қаумалайды,
 Әсерімді ысырып жанға жайлыш.
 Жатаған үй келеді көз алдыма,
 Өзгеріс те елітпес ханға сайлы.

Қораш үйде қарайып ана-бала,
 Отын таптай қалушы ек қол араға.
 Сабақтан соң итшана іліп алыш,
 Кетер едім тоғайға томар қаға.

Әрен тартып отынды омбы қарда,
 Әлсіз саусақ жібімей, тоңды таңға.
 Аяйтұғын анашым түрім көріп:
 “Дем ал енді, деуші еді, соңғы бар да”.

Болды артық бірердің күйі бізден,
 Іздер едік нәсіпті жиі түзден.
 Құшак отын жетпесе итшанамен,
 Тұтін шықпай қалушы ед үйімізден...

Маңайым мерей - мың дұбір

Той жасап тірлік жаңанға,
Тамыры алтын Тәңірия.
Таулардан биік асам ба?
Таң жаратқан тән-дүрия.

Қонақтап көктем көліме,
Көзайым кейіп қалқыдым.
Құдірет-құштің жөні ме,
Жер-Ана торғын балқыдың.

Жаңа Күн - Жылым басталып,
Наурызым енді - толған ай!
Құнпарақ қалмас жатталып,
Бозторғай жырды толғамай!

Ақ таңда шыққан қалқадай,
Ақ құстар көкте ағылды.
Бектердің беті алқадай,
Ал қызыл гүлдер тағынды.

Боз далам, ай-хой, жетілді,
Ақ қозым қотан көбейтер.
Ақ нөсер жуып бетінді,
Ақ бата елді көгертер.

Алаулар алап, мұбәда,
Қыын-ау, қыын тең табу.
Ұмыта, қойман жүдә да,
Қозыма қоныр ен салу.

Маңайым мерей - мың дұбір,
Адамзат тербер жырынды.
Елітер сәтің туды бір,
Жауқазын ұл мен қызынды.

Қалы бір кілем - қара жер,
Тұрағы ғапыл ғаламның.
Тұлпарым - пай-пай, Карагер,
Ән - бесігі даламның.

Сиынып Жапбар иеме,
Қой жылы есік ашады.
Елімді, Наурыз, киеле,
Азаттық арай шашады!

Алтын арай

Жадымызда,
бәрі де қанымызда,
Басиелік ете алмай барымызға.
Азаттықтың жолында -
тағдыр тайғақ,
Арыстардың қарылған жаны мұзға.

Алтай жайлап бабалар,
Балқан жетіп,
Мысыр жолда талайын талқан етіп.
Бостандықты аңсаған жорық сапар,
Бозбаланы баптаған,
қалқам десіп.

Ұмыта алман түнегін тұл аспанның,
Еңсе түсіп,
мың мәрте ұласқан мұн.
Алаш-Құнгө әр кіріп Желтоқсаннан,
Егемендік лебімен қыр асқанмын!

Қазақта да бар еken пір аспанда,
Қурайың да тылсымсыз бүр ашқан ба?!

Ата Заңым асқақтап ақбастауда,
Нұрын шашты ертеңгі Гүлстанға!

Елес бүгін бодандық,
көп шерлі де,
Жүректі жыр кернейді көптен, міне.
Қамшы үйірген замана жотама сол,
Дүние кезек -
ілінді бөктергіме!

Байтак жұрттың байрағы желбірейді,
Батыста да таң еттік кейбір елді.
БҰҰ-да саңқылдан шыққан даусым,
Ғаламшарды ғажапқа сендереді.

Естілмегей елімде жетім үні,
Ризығыма жыртылсын жердің тұғі.
Алтын арай - Ата Заң,
сенем саған,
Бар өзінде -
Елбасы кепілдігі!

Ептеген мін

Айта алман,
 Жоқ деп бойда ептеген мін,
 Ар аттап, намыс жұтыш кетпегенмін.
 Қапас сэтте шырағын жаға білгем,
 Жазықсыз жапа шегіп шеттегениң.

Сезілер сапар белде ептеген мін,
 Шалыс басыш,
 шынарға беттегенмін.
 Екі ұшына таяқтың тап келгенде,
 Жасырман!
 Кей тұстарда кептелер үн...

Тәйірі,
 қайтер дейсің, ептеген мін,
 Қай таңда жылы орынға жетпегенмін...
 Төгілтіп ғазиз көңіл ғазалдарын,
 Төрінде жиырма бестің көп бөгелдім.

Дәл бүгін де бір міннен арылмадық,
 Базарлы көш басында барым анық.
 Жел үйіріп түссек те қақпағылға,
 Қақ тұрғандай көңілге налымадық.

Ептеген мін,
 шіркін-ай, ептеген мін!
 Сен болмасан,
 шындық сол - шектелермін.
 Хор қызы да сүттей ақ күй кешпепті,
 Періште емен!
 Бірак та... деп келермін!
 Қектем күнім!
 Сен мені, сөкпе дермін!

XXX

Жан атаулы жалындауға құмар-ақ,
 Өмір - Алау,
 Көніл - Жалау,
 О, ғажап.
 Қызына шоқ тасталған кей бозым,
 Ғұмыр отын тұтата алмай - құр мазақ.

Тіршіліктің тылсым күші -
 Тамызық,
 Тамызықтан -
 шырқау шықсаң шаң үзіп.
 Шуда жіптей созылғанда шіркіндер,
 Талай қайттым тау асарда қамығып.

Тамызықта нендей сыр бар десек те,
 Шоқ жалынды алсаң да беу көсеп те.
 Лұп еткізер ықтасынның қамымен,
 Қарап қою қажет екен етекке...

Қырда өстім,
 қыыр - белден құс алғам,
 Қыдыр дарып,
 қырық румен құтайғам.
 Жүрек мұздап,
 денем діріл қағады,
 Тамызықтан біреу болса пұшайман.

Иә, достым,
 көрмеппін-ау тарынып,
 Ой-ниетім,
 табиғатым - Тамызық.
 Ұшпа бұлтқа ұласуда көп үміт,
 Тағдыр - төрде Тамызығым барын үк!

Ән тербейді

Қанып ішкен толқынбыз көк тұмадан,
Іргесінде көк майса көп құлаған.
Көк аспанда көлбеген көгершіннің
Келбет-көркі бүгін де жетті маған.

Жатталған-ды жадымда таңғы шағы,
Ерте тұрмай, басыңдан бақ ұшады.
Мезгіл-мезгіл мазалап бозбала кез,
Күн беткейді -
бозжайнақ жаңғыртады.

Аймаласып Ай нұры ұшпа бұлтпен,
Сәулем саған балаушы ем Құртқа деп тен.
Сурет белгі қалышты сол белесте -
Сезім тербе,
сүйгенім ұлпа беттен.

Ғазиз көңіл -
мұбәрәк күмбірлеп тұр,
Қайырманы қайталай күн бірлеп нұр.
Айнамкөзбен қауышып мақпал тұнде,
Қыр астында қысылмай жүргім кеп тұр.

Ән тербейді,
әркімді ән тербейді,
Сазды ұзсең -
сәнім-ау сән келмейді.
Әниші едім ғой,
әу бастан Әмен сері,
Женғең көніп,
қимасын әпкең мейлі...

Көктемім менің

Көктемім менің, көктемім,
Жаным-ау, рас па, жеткенің?!
Есімнен әлі кеткен жоқ,
Былтырғы мені өпкенің!

Лебіңмен жеттім жазға да,
Есейіп бір жас бозбала.
Серілік билеп сезімді,
Жүремін топта наздана.

Күзі де өтті, қысы да,
Сыйлығын дәру ұсына.
Сонда да елтіп тұрамын,
Көктемнің жыршы құсына.

Көктемім менің, көктемім,
Кеудемде ару көккедің.
Сезілмей қалды жеткенің,
Сыр бүгіп сонша не еткенің?!

Бойтұмарым

Балқаш көл -
бойтұмары бұл қазақтың,
Барған жан,
бастан кешер бір ғажап күн.

Бал құрақ,
балдыр тұнған,
байтақ өлкे,
Бойына барын жиған,
кіл - тараптың.

Айдын көл,
Ата қоныс - марапатым,
Көкшетау,
Бурабаймен жарасасың,
Ел-жұртқа сауын салған сая болып,
Шығарған -
Бабалардың дара атын.

Мұнарлаң,
қияндардан көз тұндырыар,
Аң-құсы жолды кесіп - төркін құрап.
Тал түсте толқын ұқсан бойжеткенге,
Мақпал үн,
сылқ-сылқ күлер,
көркі - тұмар.

Ажарың ақ жамбыдай көптен бөлек,
Ақ шағала -
әуенде дәп көбелек.
Жакұт-төр жұлдыздармен сыр бөлісіл,
Көгінен ай өбеді,
дәп-дөңгелек.

Байлығы Балқаш көлдің -
балықтары,

Тәнірден жалғас тапқан -
халық нәрі.
Құт қоныс қалың елге Сарыесік,
Сын сәтте сағы сынар тарықпады.

Тілегім -
бүгін кеткен үстемелеп,
Жарты емшек -
өзен-суы жете ме деп.
Сағаннан -
Атом - станса жоба тапса,
Басыннан -
бағың ауып кете ме деп.



Ей, Ала Күн

Ей, Ала Күн, Ала Күн,
 Және де бүтін шаласың,
 Мен бе сөзден танатың,
 Түн тұндігін жаратың,
 Топ ішінде дара тым,
 Ардақ тұтар бар атым.
 Сен болғанда Ала Күн,
 Арай тартып жанатың,
 Шуақ төгіп бәріне,
 Мен ғой мұздап қалатың.


Арман әр кез ак ұлпа,
 Арна асқан бар ынта,
 Сен тосылып, сарылта,
 Қарымта бар, қарымта,
 Құту - ұміт бастауы,
 Жарылқа кел, жарылқа!

Ей, Ала Күн, байқасаң,
 Жердің беті - мұн-шері,
 Жігер күші - құм тегі,
 Қырық құрау бұл begi.
 Қаратабан тобырың -
 Қалың киіз оғызың,
 Жалғай алмай қол ұзын,
 Тап баса алмай тоғызын,
 Салмақ басқан күйі бар.
 Бес күн дүние - бей опа,
 Көрсет енді, Сен опа!

Арғымак туған қазанат,
 Тауға салдым тағалап,
 Ердің сойы азамат -
 Есік ашпас жағалап.

Ей, Ала Күн, Ала Күн,
 Қыран көзім шалатын.
 Корғасындаі қара бұлт,
 Элі-ақ тарап қалатын,
 Болат найза емен сап,
 Қажет тұста менен тап,
 Бадана көз, тоғыз тор -
 Сауыт киер шақтарда,
 Баңадурді менен тап!

Алғы күнді барлайтын,
 Сұнқар биік самғайтын,
 Тұлпар топтан қалмайтын,
 Мынау талмаз тіршілік,
 Сексеуіл шоқ жайнайтын,
 Қой үстіне бозторғай,
 Жұмыртқалап, сайрайтын
 Күн ендірсем деп келем
 Ей, Ала Күн, Ала Күн!



Сөз

Сөз ұстадым, сөз ұқтым,
Сөз сайысы озық тым.
Солық сол бір басылмай,
Соны леппен жолықтым.

Сөлін ұғып асылдың,
Сары жүргіттан асырдым.
Сан мәртебе жыр тұныш,
Сіндім нұрға - Ғасыр-Құн.

Салиқа кей топтарда,
Сырт бергенде “топ қарға”,
Серт биіктен басатын
Сөзден ерен шоқ бар ма?!

Сипат-күшің ерен-ау,
Сурет белгі - ен бояу.
Сезім тербел, Сен қозғап,
Сәресіде - мен ояу.

Сенгір көкпен жарасад,
Сенде кием - баракат.
Саналы елдің баласы,
Сөзден табар парасат.

Әміре ӘРІН

Жалайыр Шора

“Жалайыр Шора атындағы құсбетілер мектебі - тауелсіз еліміздің бар-жоғын түгендеп жатқандығымыздың бір белгісі. Сұңғыла бабамыздың дария дәстүрі бүгінгі үрпаққа үлкен сабак!”

Газеттен.

Қазақтың қазақтығын сактағандар -
әлі де ашылмаған тас қамалдар.
Елдіктен ерен үлгі тартқан тұста,
Білмеймін.
Еленеді басқа жандар...

Жалайырдың Шорасын кім білмеген,
Серт тұрған.
Небір соймен,
дұлдулменен.
Құс тілін,
Аспан үнін тылсым ұғып,
Айтқаны -
Айнымастан мың күн келген.

Бір тойда жиналған-ды жақсы-жайсаң,
Шораға мұндағылар қалды аң-таң.
Үш қыран әуелеп ен қалқығанда,
“Кыз ұзатты, - деді ол - тауып айтам!”

- Қазақтай қанын таза ұстайтұғын,
Шәулісін тұқымына қоспайтұғын.
Қыран бар қылыш асқан ата-тектен,
Мінезін әлде кімдей жұтпайтұғын.

Нанбасандар,
көріндер айтқанымды,
Сөйтті де ол сәйгүлік атқа мінді.
Қиқулап,

шырға тастап,
шыр-пыр болып,
Қондырған қырандарын -
жатқа білді.

Айтқанындаі,
Ата қыран,
Ана қыран,
Шәулісін “ұзатпақ-ты” баласынан.
Құс біткенді мал-жандай түгендейтін,
Айналдық,
арыс туған данасынан.

Қырандар қанат сілтеп сабалады,
Тәуба деп, бұл күйлерін бағалады:
“Аспан ұшсак,
қайталай қанат талып,
Жерге қонсақ,
Жалайыр Шора алады!”

Аспан тілін задында толған ұққан,
Қалай қадам баса алсын зордан бұққан.
Құпия -
көгілдір зауда киеміз де:
Қазақтың бастау тәнірі болғандықтан.

Біржан дауыс теңеген қоныр қазға,
Құс сүймеген,
халқым-ау,
қозың аз ба?!

Әсет ән жарасып ақкуменен,
Шорадайын шыққан-ды озық алға.

Кос қанатын созып, беу,
Айға-Нұрға,

Айбынданып -
Адамзат айлағында.
Тас-көз,
имек тұмсық,
болат түяқ.
Мұзбалак бейне тартқан Байрағымда!

Байрағымда -
киесі әз бабамның.
Арманы алғы күнде аз ба жанның,
Салт түлеп,
ел еңсесі өскен сайын,
Бар қазақтай бәсіре мәз болармын!



Мәдениеттің Құштарлық ырлары

Өмір – кітапты парактап отыр бір ару,
Бұл неткен ғажап! Өлеңде тым-тым жүк ауыр.
Бір тоғыз берсөң дәл қазір тыншу таппайды,
Жерік ол жырга.
Арманы – жүрек суару.

Ақ етек, айнам, аккудай кезген әүені,
Сап күміс күйде дүниеге мынау кеп еді.
Пәруана сезім – періште қанат аңсайды,
Ақ дидар ақын жалғанда жалғыз сенері.

Өнерге иген сенде жок, айнам, таласым,
Поэзия сүзіп, ақ желкен жүзіп барасың.
Бір мезет жырлар ак үлпек қолмен сыйылып,
Жабырқап кейде, жадырап кейде қаласың.

Жамалы қаймақ,
жанары жайнап қашан да,
Кітапты құшат –
даланда және қаланда.
Байлық та осы,
бақытта осы ол үшін –
Он сегіз ғалам.
Махаббат, тірлік Отан да.

Ақындарды ол ақканат құсқа балайды,
Аялайды, демейді-ау әпер күн, айды.
Жыр-бағбаның өлеңге іңкәр, нұр тұнған,
Айналасы ақын деп “жұмбак” санайды.

Накышын-ай, Наурыздың!

Айналаның аспанға қарап бәрі,
Буын әлсіз, бусанған тараптары.
Сәмбі тал сәлем ала тербеледі,
Баурагандай сән бойын шарап нәрі.

Мезгіл – Ана оянып ұйқысынан,
Наурыз хабар таратып жыл құсынан.
Алуа-әлем қолаңаш таранады,
Қымсынғандай былтырғы құрбысынан.

Накышын-ай, Наурыздың науат-балдай,
Сиқыр таяқ қас-қағым жаратқандай.
Айнамкөзі көрші үйдің үңіледі,
Шарайнаға сыр бүгіп, қарап қалмай.

Күннің жолы ұзарып шеңберінен,
Көктем сені бақ құсқа тең көріп ем,
Ана сезім оятып, Ата сезім –
Тербедің бесік жырын жөргегінен.

Алқызыл гүлдер сүйіп сай-саланы,
Самал жел – Алтынкүрек аймалады.
Шұғыла-нұр Жер-анаға еміренген,
Күміс кірпік, жібек бау байланады.

Қырдағы ел құлдырандал ойдағыға,
Ат байлад, ауыл-үйді қоймады да.
Төрт түлік тебіндейді бас көтермей,
Мәз-мәйрам, көкке аузы тойғанына.

Жас желең ойын-тойға желігеді,
Шатақ шал күншуақта тер үгеді.
Тәмпіштің ақ сақасы алшы түсті,
Иіріп жаңа ғана көріп еді.

Тілшімін Мен – Үнімін Тіршіліктің

Тілшімін Мен –
 Періште иесімін,
 Тірегім –
 ақеділ жұрт, киесі мың!
 Жаласын, қапасын да, бұзып-жарып,
 Жалғанда жеңіп алдық би есімін!

Ауырсынбай дәуірдің жүгін мұлде,
 Қыран қалқып құз-асқар биігінде.
 Тілшілер байрақ бейне желбірейді,
 Күмбірлі күйге бөлеп бүгінін де.

Тарихтың тұмар жалғап тереңінен,
 Қесемсөз –
 тұнық ойды тере білген.
 Алаштың қесемдері айбар тұтқан
 кәсіпке кір жуытпай келемін мен!

Байсын жер.
 Байтақ даала нәр береді,
 Ақпарат асыл-барды дәл көреді.
 Қазағым қауымдақсан Ғаламшармен,
 Толқынында – электрон тербеледі.

Бұқаралық ақпарат ағынында,
 Дәуірдің қарасы да, ағы мұнда.
 Шындықтың қылбұрауы қысып бойды,
 Шежіре шырағданы жағылуда.

Тәуелсіздік таңымен арайланған,
Рухым биік!
Дүшпаниң қарайламан.
Шоғындей сексеуілдің жайнайды, әне –
тұншыққан тұмшаланып талай арман!

Тілшімін Мен –
Үнімін тіршіліктің,
Тігілген мамық бетке бір шыбықпын,
Арым асқақ,
жалыным жанартаудай,
Сапарда жүрсем де сол тұншығып тым.
Тілшімін Мен –
Үнімін тіршіліктің!



Ғашықтар көпірі

Аулаққа шақырады көніл-дөнен,
Бұлқынып көптен былай көрінбеп ен.
Үстінде кербез өзен жолықтырдым,
Өзінді,
“Мына дала – төрім деген”!

Тобылғы түс,
мен де сол даладанмын,
Эн шалқып,
әп сәтте-ақ тараған мұң.
Үн қосып көкте құсқа, жерде жырға,
Жатталыш жүрегінде дара жанның.

Сырғанды көріп-білсем,
жақын келіп,
Тамсантты тұнба-тұнық ақыл-көрік.
Аспанда кемпірқосақ жайнап кетсе,
Ол менмін –
жалын атқан жасын деп ұқ!

Мына су,
мынау өзен – өткелектер,
Малынған жасыл нұға көк теректер.
Жетермін желкен тартпай құрлықтарға,
Құрбыжан,
қылыш түзген, кел демеп көр.

Тосқауыл тежеу емес, нөпір үн де,
Кетіп ед Көрпеш бейнем –
кеқілінде!
Елсізде еліктірген елігім-ау,
Келгейсің Ғашықтардың көпіріне!

Әміре ӘРІН

Құнан бәйге

Балдырған кез,
тайға мінген шақтар-ай,
Қарттар жүрер тіл өтер деп мақтамай.
Ертелі-кеш жүрттан жырақ тепсендे,
Бас бәйгеге қамданушы ек,
бақ қалай?

Құлақтанып жарыс қызар дөп күнін,
Көзге ілмей үміт-жүлдіз көптігін.
Тор құнанды жайдақ міне алаулап,
Топ ішіне әруақтаған жетті үнім.

Тасыр-тұсыр тұяқтарға жел бітіп,
Шабандоздар қылқырықты тебінтіп.
Құнанымның тізгін-жібін тежемей,
Мен де үштүм самал-лепке елітіп.

Соңғы айналым,
міне, міне таяды,
Құнанымның шалдыға ма аяғы?!

Тұс-тұсымнан тұра тартып тұлпарлар,
Арманымды таптап өтті-ау манағы.

Әттең, дүние, көмбе қалды көрінбей,
Екпін қайда, өкпек өзен селіндей.
Үршып жатты көзім жасы сол мезет,
Құнанымның кемшін соққан теріндей.

Көшті жылдар,
нелер сынға қатыстым,
Тең көрмедім,
не дүлдүлін шабыстың.
Көңіл-төрде құнан бәйге оянса -
Женіп тұрып,
жылауға мен асықпын!

Жұмбак дүние

Бәйтерек те емеспін, жәй терек те,
Өз бесігім тербетем, мәпелеп те!
Бал арадай беймарал қанат қағып,
Азық жинап келемін дәу дерекке...

Ғұмыр жолды осылай кестелеймін,
Сапар үсті әркімді кеп жебеймін.
Табан жолдан тая алман тағдыр куә,
Ассан да ақыл, әлде сол кеше мейлің!

Қабыршықтай бір жылға шыдап берер,
Төзімімді өмірім бір-ақ көрер.
Пәруана күйімді үзе қойман,
Ұрпағым бар құпиям сұрап келер.

Көзден таса тұмшалап сыр-бағымды.
Таңнан таңдал жүремін тұрағымды,
Хас маңғаздар жатса да мият тұтып,
Шеше алмай бір жүрмін-ау жұмбағымды...

Тұп-тұнық ауа тамаша,
Есімнен тана жұтамын.
Үркінші жеткен балаша,
Сары жұрт сені құшамын.

Шырқауы шынар әнімнің -
Жаңғырық табар төрісің.
Балдырган күнгі мәз үннің,
Сазына қанған өрісім.

Бабалар рухы байрақ бол,
Намысын жырттым жұрағат.
Үзенгі тосып жайнақ топ,
Жалғап бір кетті ұлағат.

Көңіл де патша шарықтап,
Гөзал қыз һәмә мұңымыз.
Тал түсте сөзбен шалып қап,
Жарасты кеште жырымыз!

Бозбала таңда ізіміз,
Бойды да билеп үйрендік.
Шыға да қоймас мініміз,
Сезіммен сәмбі бүрлендік...

Демегін қыста гүл сеппе,
Серік бол аяз - ақпанға.
Төменде жалқы жүрсек те,
Ойымыз сонау аспанда.

Өшпейді шырағың

Анашым, ботамын,
Жырыма қосамын.
Өзінен басталды,
Алғашқы осы әнім.

Ұшырдың ұядан,
Қалайша қия алам.
Бапталып балапан,
Көрінді қиядан.

Алыста жүрсем де,
Шаттанып күлсем де.
Кек аспан самғайтын,
Қанатым бір сенде.

Нәзігі сезімнің,
Үлгісі төзімнің.
Үмітің бүгінгі,
Анажан өзіммін.

Жарқырап бар қыры,
Шуақты жан сыры.
Мейірім көлінде,
Аққу бол қалқыды.

Патшадай көнілі,
Болаттай төзімі.
Мың дауыс жұптасса –
Білінер өз үні.

Кешегі жас ұлан,
Кезім жоқ жасыған.
Сәл қолым қалт етсе,
Өзің деп асығам.

Саз өрнек салармын,
Жұлдыз бол жанаармын.
Ардақтап, ақтаймын,
Ақ сүтін анамның.

Өшпейді шырағы,
Береке бұлағы.
Құс жолын жалғаған,
Анамның пырағы.

xxx

Сиқырла дүние, сиқырла,
Бойымды билеп күнде, тұн.
Үн қоса алам қиқуға,
Аламан алу міндетім.

Рухымда - нәрі халықтың,
Тағдырым сокқан мұсінмін.
Шырағдан жанған жарықпышын,
Тұсінгін, досым, тұсінгін.
Сиқырла дүние, сиқырла!

Жібек-нұр арқау үзбедім,
Жеті қат жерге ұшсам да.
Қалқаны мөлдір іздедім,
Хор қызын көкте құшсам да.

Хор қызын қойши қаз мұсін,
Достармен өрем ән кейпін.
Тағдырдың жазған жазмышын,
Күндермен нарбұт әрлейтін.

Ой-найзагай, ой-теңіз,
Айналым ак нұр нөсерге!
Ақ әлем жыр мен той деңіз,
Жүрмесен егер бекерге!
Сиқырла дүние, сиқырла!

Сен мені іздең пе едің?

Сен мені іздең пе едің?
 Бұл жүрек не сезеді.
 Ауаның сыз леп, желін,
 Сейілтіп берсең еді.

Сені мені іздең пе едің?
 Қай қырдан қарсы алайын.
 Сергімес күз деп пе едің?
 Жайнап бір жасанайын.

Сен мені іздең пе едің?
 Қобыз-күй әлдилейді.
 Жаз тамам, жүздеспедің,
 Көңіл-төр би билейді.

Сен мені іздең пе едің?
 Сәулелі шақтарым-ау.
 Махаббат ізет- лебін,
 Жазалық баққа мынау.

Бояма мұң, дәуір-ай

Бояма мұң,
дәуір-ай, бояма мұң,
Балқып бақыт нұрына оянамын.
Жанарларға жарқын от көшірместен,
Сапарымды қалайша қоя аламын!

Әуез үні өмірдің сірә, мына,
Бұла күйде көшкен-ау бұлағыма.
Патша көңіл селкеусіз шарқ ұрады,
Ел қондырып кең сарай жұмағыма.

Қақпақылда лайланса тұнықтарым,
Жүдел жүрем апталап, сұлық жаным.
Сездіре алмай сезімді сел күшіндей,
Арынымды ар тұнған құрықтадым.

Асылымсың –
ей өмір, зұбәржатым,
Жалған сөзге әу бастан жүдә жатпын,
деп келемін,
мен өзім бек төремін,
Керек қылман,
ешкімнің мінәжатын.

Сыргалымға шолпылы үнім жетсе,
Кететіндей бар әлем құлімдеп те.
Бекзат бейне,
байсынды мекен жақтан,
Базарла кел бағымды,
бүтін жет те.

Бояма мұң,
дәуір-ай, бояма мұң,
Балқып бақыт нұрына оянамын.
Жанарларға жарқын от көшірместен,
Сапарымды қалайша қоя аламын!

Шындық солай

Сайланғандай әу баста тұлпар аты,
Салған жерден сезілді құсқанаты.
Жерде теріп жүрсем де бар асылды,
Аспан екен - құсымның үшар басы.

Тұсім түгіл өңімде самғап жүрем,
Жанартауды жұлдызға жалғап кілең.
Сілбі уақыт!
Сес көрсет,
Серпіл мейлі!
Құштарлығым басылmas бар деп білем.

Бедеу заман білінер биіктерден,
Сезіп келгем,
бәрін мен түйіп келгем.
Ұлар үнім тұрғанда, құштар күйім,
Баптасаң да сайқалды сүйіп көрмен!

Кожы тастай құз-шынды бедерлеген,
Билік табы түйсікке келер деп ем.
Бедірейген сол жартас,
мұңлы дауыс,
Естіліп тұр кемел шақ кенерінен...

Шындық солай,
таразы тербеледі.
Кімдерді, кімдер ұғып,
тең көреді.
Сенерім –
бұлақ тұнған құштарлығым,
Нәр бояумен
жаңанға әр береді!

Ұшар көлім

Оттай маздал ойларым көл бетінен,
Ақық сырым ақ нөсер селдетіп ең.
Ақтарғанда көңілді ақ дариға,
Тосқауыл бол тұрмады жел де күрен,
Топ ішінен тасып бір тез кетіп ем.

Көк толқындар көп сүйіп білегімді,
Ақ шағала ақ нұрды іле білді.
Көк мұнарлы кеңістік көлбей жатқан,
Құшақ ашқан табам деп дүр емінді.

Жылжы қайық су сүйіп тұмсығынмен,
Толқын төрде таныспын қыр-сырынмен.
Иірімнен өрнекті табылайын,
Куәдірлік күйіммен,
Ынтық жырмен.

Асыл сойдың садағын жонар едім,
Су бетінде сезген сәт сонар лебін.
Бағытымды белгілер –
бағдаршамым:
Қонар көлім және де ұшар көгім!

Жігіт айнасы

Бояулары қалған бел пәк күнімнің,
Мақпал - лебі сінген жер гәккуімнің.
Құлақ тосам жатып ап бауырына,
Үзіктерін аңсап беу, тәтті үнімнің.

Жазиралы жалын шақ,
нелер күнгей,
Жаңа тұскен жас келін -
желегіндей.
Аунап кетті қыраттан сол бір дәурен,
Қырма сақал,
бозым дос, еледің бе -ей!

Тау самалын ертелең таң сауды,
Жыр идіріп -
бұраң бел тамсанады.
Сапақ жарып, жылт еткен күн көзіне,
Саумал дәмді бал тілмен жар салады.

Бар пейілмен ынталы жырға бәрі,
Салған жерден сезіліп, сыр қабағы.
Тұңлігінді айнамкөз тұрсен дағы,
Кей құрбының қымбат-ау сырғалары...

Сырғалар-ай!
Зер, ақық, шолпылысы,
Біленеді алқа,
айшық толқынысы.
Сырғаларда сұлудың бар болмысы,
Сүт ұйыған,
мәңгілік сол тынысы.

Аруларды құшқан тұн таң асып-ай!
Мәнді кезің, мәйекті таңбасы сай.
Кешегінді тізбелер көз алдына,
Жастық маусым,
ер жігіт айнасындей.

Жүрек толқыны

Ақ көйлек болмыс әркімге,

Тәнірден жүққан.

Жарасар.

Айналсақ кілең Мәжнүнге,

Ләйлігे обал.

Адасар!

Ұжмақ тұндер із тастап,

Фарышқа сіздіп барады.

Ғайыптан туған Сіз асқак,

Өнім де естен танады...

Сылдыры кәусар бұлақтың,

Естіртпей сырын жаңбырдың.

Көтермей басын,

жылап тұн,

Көрпеге шағар бар мұңын.

Бар сыры тек дыбыста,

Тулаған жүрек тұншығып.

Қадамың, қалқам, ырыс па?

Кетердей жаным бір шығып,

Көгерді белде бір шыбық...

Қуанамын

Сәл нәрсеге лап етіп қуанамын,
 Бір лепеске сөз жұтпай жұбанамын.
 Мен жарқырай, жайранdap, жарылmasam,
 Жалған әлем!
 Қалайша тұра аламын.

Бүтінделсе жарлының үсті-басы,
 “Үтіктелсе” мықтының түкті қасы.
 Күй кешемін, көктем-нұр шашып арай,
 Тұзелгендей ғаламның бір тұтқасы.

Құп аламын,
 бәрін де құп аламын,
 Тазартып лас- қоқыстан жыр алаңын.
 Ізгілікпен кестелеу әр қадамды,
 Мият тұтар мәңгілік мұра-бағым.

Мың періште шаттанар бір балаға,
 Сый көрсетіп, сездірсең қуана да,
 Менің анық түйгенім қуанбаған,
 Түйін тастап, жайылmas тұп ала да.

Алып Ер Тоңа

Ақиқаттан аса алмас қағаның да,
Бұлықпасын десек біз бала мұнға.
Ата тарих айдынын аршып алып,
Қалмасақ-ты бөгденің табанында...

Афрасиаб патшасы сақ елінің,
Даңқы асқан, па шіркін, жат еді кім?
Парсы жүртү у қосып ас-суына,
Басын жұтты қапыда Бас ерімнің.

Қалың қолдың артқандай махаббаты,
Ер Тоңа қағанымның лақап аты.
Мадай деп есім берген жөргегінде,
Тұранға дүйім тиген шапағаты.

Парсылар қатты үріккен бұл бұзық деп,
Атаған Афрасиаб - құбыжық деп.
Арғы тегі “ Яғма” - Жалайырлар,
Тарих сырын тосады бір үзік тек.

Қағаның білінбепті кезі бұққан,
Қыдыр қонған әу бастан, бегі құтпан.
Томирис қыз өзінің мирасқоры,
Кир патшаның селт етпей көзін жұтқан!

Елдігім Ер Тонадан басталады,
Тұранның хас қыранға нақ балары.
Әдебиет те Афрасиабтан арна тартқан,
Куәдір – “Құтты білік” баспалары.

1. Афрасиаб - ұлы билеушісі, шын есімі - Мадай, лақап аты Ер Тоңа, б.з.д. 626 жылы өлтірілген.

2. “Кошпелі”.

Арулары-ай, Алаштың

Арулары-ай,
асыл тұған Алаштың,
Шаңыраққа шырай беріп,
бақ аштың.

Намыс ойнап,
қорғар кезде елдікті,
Ерлігіңмен
Ерлеріммен жарастың!

Бойды билеп Азаттықтың қыр әні,
Жиып тастап жакұт, шолпы сырғаны.
Шыққан сәтте шошындырыды дүшпанды,
Кыз жүректің қызыл қанға тұнғаны.

Тарих көшті жетелеген тұйықтан,
Әлиштеген бақыт құсын бұйыртқан.
Отағасын Төбе бидей әспеттеп,
Дүйім елді дәйек сөзбен ұйытқан.

Ашаршылық алған тұста алқымнан,
Жан үзіліп, жанарында таң тұнған,
Ақ сүтіңмен өзек жалғап сәбиің,
Жансыз құшақ аясында талпынған.

Шымылдығы қалса-дағы түрілген,
Боздағынан кезі жоқ ед түнілген.
Соңғы демі үзілерде есікten,
Келе ме деп үміттене үңілген.

Арулар-ай, елемеген оқаны,
Еңкейтпеген би-құтанның қоқаны.
Асу бермес арман бола тұрып-ақ,
Атанған-ды енді бірдің тоқалы.

Тебінгенде тізгін үзер серкелер,
 Тежей білген арулар ғой – еркелер,
 Топ ішінде емеурінді сездірмей,
 Оңашада оттай лаулаң өртенер.

Ару әлем сұлулардың келбеті,
 Тербеледі тұмса бейне жер беті.
 Белін буған бозбаланың алдынан,
 Шығатындаш шуақ шашып женғесі.

Арулар-ай! Кербез жезде, балдызы,
 Жаны нәзік жарқыраған жалбызы.
 Тосын қойған бір сауалға тосылып,
 Кінәлідей балбыраған бал жұзі...

Арулар-ай!
 Алаштың арулары-ай!
 Айналаңа тәгесің жалын арай.
 Жайшылықта жай түссе бұлк етпейтін,
 Тасымасын бақыттан қаным қалай?!

Әрі бикеш,
 Әрі әйел, ханымдар-ай!
 Арулары-ай, Алаштың арулары-ай!

Американы да ашқанбыз

Тарихымыз алып мұхит - қатқан мұз,
Тұлғалансақ бейне бөлек – аспанбыз.
Қабілет те, қасиет те - тегімде,
Американы елден бұрын ашқанбыз.
Жаңа әлемге жұмбак-өрнек астармыз!

Түркілерім – қанатындај жыл құстың,
Арғы тегі азиялық “ұндістің”.
Ақиқатқа барша ғалам иланған,
Осы қазақ дей көрмегін білгіш-тым!

Колумб мырза бұл құрлықтан табылды,
Ұндістан дел тың мекенді жаңылды.
Ұндістер деп таныстырды еліне,
Қауырсынды, жебе тартқан нар ұлды.

Кұлық, шіркін,
қай құрлықта қалған ба?
Америго бейім екен жалғанға,
Ақпаратты пайдаланып баспағер,
Жаңа әлемді аштым деді, таңданба.

Сонау бағы, бұлдыр елес заманда,
Бақыт іздең текті тегім адамға.
Ұлы көшім Алтай таудан бас алған,
Құт дарытып, тарих көші – ғаламға.

Сапар шеккен Батысқа да,
Шығысқа,
Қайдан білсін –
бағы,
соры, ырыс па?
Берингтен –
жермойнақтан өткен соң,
Тұрақ талқан –

Жиделі байсын ұлысқа.

Бұған толық

дерегім де, дәйек те,

Пәлен, деп те,

түсе көрме әлекке.

Өркениет ұлылығы осында,

Бәрін тыйып,

жол ашуда әдепке.

Иә, солай,

“ұндістерде” қаным бар,

Нанбасандар –

тексеріндер, алыңдар.

Рухым, тұрім,

үнімде де ұқастық

Ей, адамзат,

асылынды танындар,

Алда күнім - жанартаудай жалындар.



Ән мен әнші

Әнді сүйсөң, менше сүй.

Абай.

Сырнай –саз, күй сандыққа ұласады,
Сән дыбыс саф дүние құрасады.
Үн тербел үлбіреген жер-ананы,
Екпіні тау самалдай қыр асады.

Қыр асады,
дүрия-ай, қыр асады,
Қартыңды “қылыш” қалған жұбатады.
Алғаусыз ашылған гүл - Айнамкөзім,
Қырмызы,
нәзік жұпар,
бүр атады.

“Аккудың көз жасындай көлге тамған”,
Ән - “Арман”,
әнші де арман - төрде бағлан.
Әуелеп әуез шым-шым төгілгенде,
Тұнығың тербелмеген кем де қалған.

Ән десе тоқсан мәнер үйірлескен,
Жан біткен - мынау менің күйім дескен.
Иірім беу құлпыра сыйқырланды,
Ыңғақта - Ақан, Біржан білінбеп пе ең?!

Кетпесін сөз сезімде менен айып,
Ыңғақ та,
ықылас та еренғайып.
Жалғанға жарық сыйлар құбылыс деп,
Әнді де,
әншіні де келем жайып.

xxx

Жалын-от, алау сан илеп,
Адам боп қалу ғанибет.
Құлдыраң кеше құлын ем,
Тепсендін түзде тани кет!

Өзегі талмас өр едім,
Оресін өрген көненің.
Маздай тұс жарық әлемім,
Бастарын қосқан төбенің.

Шалқи да балқи шартарап,
Тойым да ертең тарқар-ак.
Өрнегі өзек жалғайтын,
Өлеңді келем ар санап.

Санамда сенім қонақтап,
Сортаңнан соны сорап сап.
Сапардың соны – тынығу,
Жетемін,
білем,
жол ақтап!

Құмай тазы

Ит дегенің қазына ғой, қазына,
Досқа айтамыз “ит” деп кейде базына.
Секең атам баптап-күткен сонау жыл,
Құмай тазы келер көзім алдыма.

Жұні тақыр,
жүйрік еді ерекше,
Қырат-дөнді жалғайтұғын белеске.
Құған азын құр жіберіп көрмепті,
Сағақты еken,
салқы төсі елес пе?!

Тартар зады иесіне иті де,
Сейітжапар сирек тұлға Түркіде.
Арқа асып таңдал алған тазысы,
Қалдырмаған қай кезде де құлкіге.

Теріс езу, кеуде бөлек шынтақтан,
Сыншы жоқты қабырғадан мін тапқан.
Құт-береке бір ауылға болса да,
Атам оған қатқыл әмсө үн қатқан.

Тұлкі тұмсық, қасқыр шеке, жыланбас,
Пенде таппан оны көріп қуанбас.
Жарғақ құлақ жалықпасың тұз-анды,
Кику шықса буын серпіп тұра алмас.

Шоқпар саны қысқа белге сай еді,
Пышан берген күміс қарғы бау еді.
Қазагымнан тазы ұстаган бекзат-дүр,
Бұл әлемнің асты қане, қай елі?!

Күмбір де күмбір

Күмбір де күмбір күй келіп бейне,
Шалқын бірге сүйеніп дей ме.
Сыңғыр да сыңғыр сән сұлу саздар,
Жанымды баурап күйленіп кейде.

Көңілдің кернеп көкжиектерін,
Елікке елтіп бел-білек керім.
Мұңдылау әнді сап тыям лезде,
Тұрімнен есіп төл тілектерім.

Жанға да ұқсан сабау қамшылы,
Жасыра алман – алау жан сыры.
Жадыра шақта жазира белде,
Жүректің ұшы баяу шаншыды.

Серілік күннен сөз өтіп еді-ау,
Өрдегі өріс көдесі мынау.
Алыста деп ек,
қалыс па деп ек,
Жасыл да желек тәбесі қырау...

xxx

Жетісудің желегін-ай, желегін,
Сұқтанарлық сопы қайдан демегін.
Табиғат та талмай өзін тұлестер,
Дәнін сақтап, бөлектеумен елегін.

Күн шығады арай шашып аймақта,
Сүт сәулесі ұқсан ғажап қаймаққа.
Біз торғай да боз беткейді иемденіп,
Көз салуды қойған енді сай жаққа...

Табиғаттан: таудан асса талабын,
Қарауылда – қара жерде әр адым.
Қай құрлыққа, қай белдеуге барсам да,
Аспанына арай аңсан қарадым...

xxx

Желігу де жоқ еді, елігу де,
Құлақ тостым ерен бір елік үнге.
Әуеніме ен шырқар шырай беріп,
Жетеледі саф таза желі күнге.

Сана шайқар сазым да сағақ тұнып,
Сыбырлайды айнала: “Ғажапты ұқ!”
Мөлдір сезім кемерлеп көңілімде,
Келе берді жүгіргім балақ түріп.

Ерік бермей жүр едім ешкімге де,
Тұнық суды тал түсте қештім желе.
Талайымнан дермін бе?
бақ-айымнан,
Бұлақ бейне бусандым,
еркім неде...

Ұлттың үйтқысы

(Куаныш СҰЛТАНОВКА)

Ордабасы ұйытып бар қазақты,
Ауыр ойдан арда ұл танға жатты.
Тағдыр жолда тайғақтап талай бозым,
Жазықсыздан тартты-ау сан жан азапты.

Әйгілінің ішінде алабөтен,
Маңдай терден тарихта қалар өтем.
Кеменгерін халықтың, ерен ерін,
Қай жерде де кадірлеп, қалап өтем.

Жақсылықты қондырып жанарына,
Қаршадайдан гүл біткен қадамына.
Әлем самғап барады, құрлық асып,
Мінбе тербеп тұр еді жаңа мына.

Жорналшыдан басталып аққайнары,
Айналған-ды ел-жұрттың нақ сайлары.
Саясаткер, елшіңіз, хакім де ол,
Іс-шарасы, пай-пай-ау, тастай бәрі.

Мінез-қалып қашан да жазғы көктем,
Алтын арқау жеткен-ді бағзы тектен.
Ғалам-көште жасындай жарқ ететін,
Мың кісілік тұлғалар аздық еткен!

Тылсымдарды тірілттім

*Ақын деген лапылдаған өрт екен,
Ақындардың жаңып өту серті екен.
МҰҚАҒАЛИ.*

“Ақын деген лапылдаған өрт екен”,
Сортан шөл де,
көкке тартқан көл де сен.
Кия алар ма ең,
Мұқа, сезім шабытын,
Бойтұмарға!
Бұйымтайға бер десем!

Қамқор елім,
бәс жолында белдесем,
Қайтер едім,
тұмар тағып, телмесен,
Аңсары бар ағыл-тегіл Мұқаңның,
Жалын лебі, толқынына төзбес ем.

Мениң де өлең тең жаратқан сыңарым,
Әуе тербел қонақтарым,
шынар үн.
Біз үзік дем саз денемнен шыққанша,
Қанбас білем іңкәр-бұлақ құмарым.

Жұп жазылmas сапарда да,
тойда да,
Еншілеспіз сорап болған ойда да.
Акқу-ғұмыр өрнегі өшпей айдында,
Адым кеміп,
таба қоймас бой дауа.

Тоқсан тарам,
беу тіршілік, толғағы,
Толғанамын!
Бұйыртқаны сол-дағы.
Талайыммен тылсымдарды тірілттім,
Бақ құсым ол.
Басты ісім ол қолдағы,

Өміріме айналды енді өлеңім,
Ақын-ғұмыр дегеніне көнемін.
Сыңарым-ау,
“жанып өту серт екен”,
Хас тұлпардың, нақ сұңқардың бер емін!



Қазақтың Қастееві

Дәуір демін дөп басып қыл қаламы,
Дала төсін тербеген қырман әні.
Көк камзолды талша қызы сыр тұнады,
Сиқыр,
сыңғыр кейіппен сырғалары.

Өнер тербеп таулардың шатқалында,
Қарағайды бағалап баққа мұнда.
Тау қозғалып,
күн күліп, бұлт жасаурап,
Кеңістікке із салдың бақ жолында.

Тылсым түзіп Жаркенттен тұнбалары,
Шыңда бәрі –
шығарма, нұсқалары.
Шынайылық күйілшіл сан суреттен,
Ұшты биік қазақтың ұста-нары.

Тандай қақты дүр әлем портретке,
Кіл жанрда бөлендің зор құрметке.
Пейзаж, тарих,
тұрмыстық кескіндерді,
Ұластырдың ғаламдық бар дүрмекке.


Сұлу сезім суарған шеберлігін,
Кемел енді келешек –
нелер күнім.
Зертханаға айналдың зейін жасқа,
Аруағың өнерде жебер бүгін.

Тарланбозым таңдадым!
Талғам бөлек.
Жуытпаған жан-жүрек жалған дерек,
Қомдаса да қанатын мың сан сұнқар,
“Сізге ғана тән еді самғай” дер ек.

Даланың да,
дананың пішінінде,
Мін табылмас келбеттен кішінің де.
Некен-саяқ саңлактар,
некен-саяқ,
Өнебойы алатын ісі жүлде!

Гұмыр кешіп ғажайып тән күлікке,
Жұлдыз жандың,
жайсаңым, жәй жүріп те.
Кестелеумен кескінін ұлылардың,
Өз бейненді сомдапсың мәңгілікке!

Жер-жаңаңға нұр шашқан жарқырата,
Шықты күнің, мінеки, таң-тұракта,
Алты құрлық тамсанар таңдай қағып,
“Фасыр тойы” дермін мен шалқып аса!



Толағай тілек, толған Ай

Жаңа жыл!
Жаным алау,
Жүргім – кен,
Он екі ай!
Үміт жалғап жүре білгем.
Жатса да ғалам шалқып,
Жаңан тарпып,
Үзілмей дала жыры түр-өңімнен.

Ақша қар,
Аяз өбіп айналамды,
Ақ қағаз –
көңілімді жайлап алды.
Көк дөнен көкке ынтық,
Көп өрісі,
Сұраман – мәре мезгіл қайда барды...

Жаңа жыл жүздесерміз таңдарымен,
Қайырлы қашанда да таңдарым ен.
Көшіріп терезеге өрнектерін,
Ақ сәуле сыйлық тартар жанға білем.

Ұйыған Ұлытауда ынтымағым,
Абылай!
Айбар тұтып жыр тұнамын.
Қағанның кейпіне енді енбесем де,
Жамау бол жасу жерге ұмтыламын.

Толағай Тұран үні,
Тұран сыры,
Дақ салмас тарих жолдың бұраңдығы.
Әуенім құрлықтарда қалықтайды,
Бағасы: “Әлем-төрдің бұл ән бірі!”

Әміре ӘРІН

Тылсым-ау, кешегі күн жұмбақтары,
 Мұнар тау, сұрғылт тұман –
 Қымбат бәрі.
 Қаңтардың қырбак қары қайтер дейсің,
 Қылықтың қырда қалсын қырбақтары.

Бойымның ашылып тың тұмалары,
 Бүгін де әулие күн - жұма-дағы.
 Ақ сезім –
 Ақ көбелек айналып жүр,
 Ақ ұлпа – қалы кілем, нұр алабы.

Гүл жайнап жүргегімде керім ойлар,
 Шаттықтың жоқ-ау шегі –
 Сезім бойлар.
 Бақыттың шәрбәт сәтін үзбеу үшін,
 Жалғассын жарасым шақ жерім тойлар.

Дәуірім!
 Айтсам, еken қандай тілек,
 Зәруім – Азаттыққа қанбай жүр ек.
 Дәруім – ел бірлігі шырақ жансын,
 Жарқырап қырлардан маңдай, білек!

Мен бүгін не тілермін,
 Не тілермін,
 Жақсылық дара шапсын - өтінермін.
 Төбеге тіке өрлең көк түтіні,
 Шықпасын қазағымның көшінен мін!

Ұғынұ

Өзек жарып өзеннің болмыс-нәрі,
 Он бойымда жаңғырар онды іс бері.
 Сырғанап та үлгерген,
 тайғанап та,
 Көк мұз әлем,
 есімде сол қыс әлі.

Тайқы тағдыр төнсе де өзегіне
 Тамшы тамып тандайға - өз еліне.
 Бәрі бүтін бейуақыт баянындей,
 Сүрінген сәт
 жылқының тезегіне.

Бәсірелеп бар-жоқты
 балақанға,
 Ала жіпті аттайтын жан атан ба,
 Деуші еді ғой қарттарым күмбір кеуде:
 “Тіл тигізбе,
 Тәңірдей Қараталға!”

Тәңірі иә,
 табынар – бұл аймақтың,
 Жерұйықтан, о несі ей, пұл алмақ кім?!

Бар кінәні бір өзім жуа алмақпын,
 Нәсіп терер зау көктен құрал таптым.

Ұғынғам ну жағаңда ұлардан үн,
 Шырай-көрік шық түспей шығарғанмын.
 Бас иесі – Қаратал, қасиетім,
 Фарыш кезер ғұмырлық шығармамнын.

Ұрпаққа ұран болған

Қайғы басып тұншыққанда айнала,
Найза білеп,
шыққан едің сайлана.
“Қабырғасы әлі қатып, толмаған,
деген-ді жүрт: - Мынау жүлдыз қай бала?!”

Еркіндік пен елдік буып намысты,
Қас жауларың білек күшпен танысты.
Қарсы келіп шара таптай амалға,
Ат бауырлап пәтшагарлар сан үшты.

“Қараталдың қыргынында” – күзінде,
Тура шаптың жаудың шебін үзуге.
Сауғалаған,
шыбын жанын сұраған,
Шырқыраған толып кетті түз үнге.

Қайшылатып тұлпарыңың құлағын:
“Кім бар-ау, - деп жекпе-жекке” сұрадың.
Жеті жонғар жер жастанды бір күнде,
Алып тұғыр мәңгі қалды тұрағың.

Адырнанды шірей тартқан садақтан,
Қалмақ шошып,
айлар бойы санатқан.
Сұр жебедей сұық өттің өмірден,
Алла жар боп, жасын ғұмыр жаратқан.

Қалың жүртты Сыр бойынан өбелеп,
Бастап келдің: “Атамекен, жебе!” деп
Көп тілеуі, ақ ниеті нұр жауып,
Жүзге жеттің байсын жерде төрелеп.

Ерлік жырым Тілеуғұлдан басталған,
Ер есімі ұрпақ үнмен жатталған.
Егемен ел жаңғырып тұр, ер бабам,
Күн күлімдеп,
Ай өбеді аспаннан,
Қолда әруақ! Орындалды басты арман.

Бал ерін

Қыздар деген керемет қой, керемет,
Е-ей, достым,
Абай, Мағжан не деп ед.
“Сүйіп, жанып”,
«Ақ күмістей мандайға»,
Ерін еріп,
толқын бойды билемек.

Ару жандар өмір-төрдің шырыны,
Бал ерінге байланды беу қыр ұлы.
Ақық сезім әуелейді, о ғажап!
Қанат жалғап жібергендей қыз үні.

Сұлулардың көз тұндырған сымбаты,
Сүйіп құшсан,
бұл Пайғамбар сұннэті.
Жұлдыз ұяң,
Ай еріген айнала,
Үзілердей ынтық жүрек жырлашы!

Құмар қанған,
тұмар таққан таңдарда –
Періштеге мың айналған жан барда.
Мәжүн бейне мамық тәнгे малынған.,
Құштар әне –
сусып қайта самғарға!
Жанып кетсе құшағында таңқалма.

Қызы-қаламdas

Әріптестің саз үнді қаламдасы,
Сыр бойының бал-құрақ, балаң жасы.
Ел тағдырын толғайтын, қыз тағдырын,
Оқырманның ой-отау – замандасы.

Ақку қанат қақтырып нәркес көзің,
Ләйлілерге көп-ау, көп сәйкес кезің.
Жантайып-ақ қарайсың «Жетісудан»,
Жібіткендей жігіттер бәстескенин...

Мұхаң емен Фәкене жыр арнаған,
Сыр ашуга әркім-ақ құмар саған.
Ақыл-көрік,
ақ болмыс жол жалғаса,
Мен әйтеуір ес кете сыңарланам.

Жазғанының жарасты түр, өні де,
Сөз өнердің лұпілдер жүрегі де.
Кия бетке шыға алмай тамам жігіт,
Нури,
талай келгенбіз бір өзіне.

Көрмеппін-ау,
сырымды жанға жайып,
Әр таңымыз өзіңмен – тойға лайық.
Қыран жігіт жолықса қапы қалма,
Кеш өткізіп берем мен таңғажайып!

Тағзым

Тағзым саған!
 Азаттық – арман жырым,
 Дәлелдедің ділсіздік жалғандығын.
 Ар-ојданы халқымның – Алмас қылыш,
 Сонау сақ пен ғұндардан алған нұрын.

Тағзым саған!
 Елбасым – Жұлдыз-Тағым!
 Аспан төрде жарқырап жүлдүздарын,
 Сенін арқаң Наркескен – Алып тұлғам,
 Әлем асып, Ай шуақ құлпырғаным!

Тағзым саған!
 Ұланым – тастулеғім,
 Ақиқатқа – Алдаспан бәс тігемін!
 Жалаңтөсім – Аланда жуып кеткен,
 Тәулесіздік қанымен жас жүрегін .

Тағзым саған!
 Өр үні – бар қазактың!
 Екпініңмен Елдікке таңба тактың.
 Жаңғырыққан – жаһаннан жойқын
 күшпен,
 Әуелеймін әрқашан. Самғамақпын!

Тағзым саған!
 Аманат – алға тартқан,
 Адырнамен талайды «сауғалатқан!»
 Бабалардың көзісің бел босатпай,
 Туған дала төсінде таңға жатқан!

Тағзым саған!
 Дәуірім – мәртебелім,
 Есем қайтты. Өзінмен ән тербедім!

Тарих жүгін арылтқан, Антқа берік,
Атамекен!
Сертке сай мәрт жебедің.

Тағзым саған!
Байтақ ел - Ай таңбалы!
Досың бейіл, дұшпаның жаутандады.
Дәрия кешкен Ақ кемем – көз ұшында,
Бөрілі байрақ биікте – жанған бағы!

Тағзым саған!
Мерекем – бір ғажап күн,
Рухы асып, шалқыды кіл тараптың.
Бақыт құсы – Бостандық басқа қонған,
Шаттық жырын шертуде – үн тарап мың!
Киесін-ай!
Бүтінгі күнпарақтың!



Жазиралы Жетісуым

Әз жазира мекенім,
Иран-бақты не етемін.
Құрлық кезіп кетсем де,
Құрақ ұшып жетемін.

Шудалы шөп шалғының,
Жанға дәру жалбызың.
Көркі жібек жайылған,
Жетісуым – жаз бүгін,
Тамсанайын азды-күн.

Тарих түскен тасқа да,
Бар қазаққа баспана,
Астанасы Үйсіннің,
Шығу шаңар – бас қала,
Үлгі болған басқаға,
Мәлім кәрі, жасқа да.

Моғолстан –
кешегі,
Раждабстан –
көш елі.
Ғалам сырын түйсінген,
Ғажап ұрпак –
көшелі.
Онды-солды зер салсам,
Жер таптаймын тетелі.

Кербез тауың, көлдерің,
Қытай асқан бел-төрің.
Өзен-суды кешсем де,
Өзінді аңсап шөлдедім,
Бесік сезім тербедім.

Жетісуым – жерім-ай,
Көлі балдыр, төрі май.
Берекесі ұйыған –
бедеу қалған шөлі бай.
Алаш жүртта ақ жамбы –
Ардақ кезден қалған-ды.
Ақ күмістей қалпыңа,
Арғы-бергі таң қалды.

Көмбен осы,
қазағым,
Жерұйық жер –
базарым.
Тірлік тербел тұрғанда,
Таусылмас-ау, жазарым!



Бесағаштың бел төрі

Бесағаштың бел төрі бесенеден –
жанғыртасың жадымды кешеменен,
Қолтығында қоңыр құм қоңылтаксып.
Ырысынды қыр үсті еселеген.

Ақ мұнардай алыс күн белгі беріп,
Емешегі үзілген елді көріп.
Сыр бойында сыр тұнған бабаларға,
Деген Тылсым: «Ел-жұртқа кел жүрелік!»

Талайынан тағдырдың тайсақтамай,
Алла үкімін жөн ұғып, жан сақтамай.
Өзен өрлең,
көл сүзген көк айдында,
ойланбастан, ойпыр-ай:
Бар. Жоқ. Қалай?

Тары еккен,
талқан мол,
талғажау көп,
Ежелден ел ішінде барға дау көп.
Киіктің матауындей өтпелі күн,
Қалдырған қалайда да жанға жай леп.

Бетегелі Бесағаш,
белі бекем,
Желіккенде жегенім –
елік ет ең.
Шеңгел түбі,
қоян жым тұзақ құрып,
Көгінен көк бестіммен желіп өтем.

«Сияз тәбе»,
бабамның бақ тағы ең,
Бәсіре сапарларға баста кілен.
Айналған албырт шақтан жан саяма,
Жәлменде жаз ғұмырын жатқа білем.

Әмірә ӘРІН

Мазалама

Білесің бе,
ей құрбым,
білесің бе,
Рим билеген Октавиан тұр есімде.
Күміс мұсін құйғанда жандайшаптар,
Қайта еріткен ақшаға.
Күлесің бе?!

Дәл осылай адалдар құресуде,
Мәңгілікке ізгілік жыр есуде.
Қақпақылда қатық ап қалатындар –
қасиетті қалпынды түгесуде.

Сен де білем,
өзінді сезінбейсін,
Әлгілермен,
беті әрмен, егіздейсін.
Толмай жатып,
тоғызды құшамын деп
Торыққанда, гәп неде?
Мені іздейсің...

Мені іздеме,
қайтесің, мазалама,
Дұр сілкінгін,
«бойынды» тазала да.
Сары бәтеңке,
кителі, бар байлығы –
Сталинді есіне ал.
Қаралама...

Димекен ше?
Халқы еді – күйі, нәрі,
Қобыз сарын кеудеме құйылады.
Әулие ғой,
Әулие әуелеп жүр,
Түркі жұрттың көгінде сыйынары.

Шымылдық қарағайлар

Бір жұртымда –
айнала қарағайлар,
Қоңыр құмы –
кәдімгі жаға жайлар.
Жайлауынан күздеуі басым түсер,
Бұл ендікті басқаға баламай бар.

Бал қарағай,
пай, шіркін, май қарағай,
Әрмен тұршы,
балдызым, қалқаламай.
Жетісудың жігіті ем желіп келген,
Ардақ тұтқан бұл жерді, арға балай!

Неткен алан,
қауаша ауызындей,
Таң-табиғат,
тамаша қауызындей.
Алақайлан алдыға қалай шықсын,
Ақындардың дүрия-ай жаны қызбай.

Ақбоз уй,
Ай сүттей.
Көмей күбір,
Үн салам домбыраға,
демеу Сұғір.
Сыр бермес,
шымылдық қарағайлар
Тербе мені,
Тынысым кеңейді бір...

Арналарым ашылмай

Арналары ағзамың жамау-жамау,
Бозбала-күн сызы да бар, айнам-ау,
Тұлпар – уақыт жалынан сусып түсіп,
Жанторсыққа жиналған жаман бояу.

Мұбәрәк күн бетімді аймалайды-ақ,
Берсе берсін берерін байламай бақ.
Батқан кешке жүтінем жүйкем кетіп,
Жатсадағы айналам байбаламdap.

Қызықта да кетпейді қылау қайғы,
Шілдеде де көңіл – төр қыраулайды.
Ағзаларым алқынып,
тамыр қысып,
Арналарым ашылмай күн аунайды...

Балқашым – базарым

Балқашым,
барым, базарым,
Солғын да солғын, ажарын.
Бұлағай кезең, бұлдыр күн,
Толмай да қойды-ау,
жаз әрің!

Сыздатып сүйек жараны,
Шағылмай
бірдің тауаны.
Қозғайды атом пәлесін,
Тұтатып отты назаны.

Көзіне сүйел көрінген,
Бездірер бақты көлімнен,
Аралдың кебін киерсің,
Боздарың – менмін.
Боз інген.

Кенді де, белді – еліміз,
Не деген кең ед теріміз.
Атом станса
орнатсын –
«Беріңіз көлді, беріңіз».
Желге ұшып кетсін жеріміз,
Құяң бол қалсын беліміз...

Ғасыр думан, Ғасыр мұн

Арылар ма ем қолды сермен, бұл күйден,
 Қорғасын-ой кеуде керген, мұшкіл дем!
 Тамыр – солғын,
 таным-тұман, қиял бос,
 Саңылау жоқ өнбайымда күн тиген!

Сәуле жұқпай пернелерге тартылған,
 Тиек жұмбак,
 дәл кешегі ән тұнған.
 Сар жол – санам дегбірсіздеу, о несі?
 Мыстан кемпір тор құргандай артымнан.

Жалған ба еді,
 бұл сапардың дерегі,
 Жоламас-ау деген едім шер енді.
 Бел асырап қыр баласын әлдилеп,
 Әуез солса, кім болады сенері?!

Тоқта-тоқта,
 ғасыр думан, ғасыр мұн,
 Жер тарпыма,
 тағатын ал бас ұлдың.
 Қобыз күйді қоңыр сазы кернеген,
 Бозторғай-үн көкжиектен асырдым.

Құрық салған мұнлыққа да, ұлыққа,
 Заңар – уды қаймықпастан бір үртта.
 Білем – білем,
 көндігу бар ғұмырда,
 Көнген жерде –
 жену де бар ұмытпа!

Сұмбіле-сыр

Сұмбіле төрде туыппын,
Су түзеген сымбатын.
Сөз көздеген уықпын,
Сүйек-сәні – жырға сын!

Сәйгүлік үміт үзілмей,
Сұлу күн көкте тербедім.
Сырғалым шықса жүзімдей,
Сұнқарың самғар мен дедім.

Сызылта салған әніне,
Сәулештің таңға қосылдым.
Сыр үгіп көніл сәніне,
Сәске түсте тосылдым...

Сөреден жетіп мәреге,
Сый-сияпат бөлендім.
Санатта асып кәдеге,
Сертшіл топпен теңелдім.

Сыр білмеске сыр айтып,
Сағым сына қоймады.
Сазды кештер тыңайтып,
Сапар шыңға бойлады.

Сайран да сайран ғұмырым,
Сал-сері дәурен басымда.
Сылқымның өрген бұрымын,
Салтанат жырым басылма...

Айбозым

(Қасымжомарт ТОКАЕВҚА)

Жусаны мен тораңы,
Күй шертуде, той алды.
Талмай ұшқан сұнқарын,
Тағзым ете оралды.

Ескелді мен Балпығым,
Елі білген бар қырын.
Ақ бәтеспен желпиді,
Тұлпар-перзент алқымын.

Бас бұлақтың тұнары,
Ата-тегі сыр әрі.
Жолбарыстың бүтінгі,
Бесінші ұрпақ шынары.

Тұр – бейнең де еңселі,
Айға балар ел сені.
Бүгіжектеп бусанар,
Еуропада кей теңі.

Ғаламның өр, сай-жолын,
Артық білген, қай қозың?!
Саясатта шығандап,
Алаш асқан Айбозым!

Қасым да сен, Жомарт та,
Өрле, жүртқа қол артта.
Елбасына серік бол,
Төрткүл дүние тарапта!

Ақжолтайым

(Керімтай ӘБДІРАХМАНОВҚА)

Терендігің байқалып теніздейін,
 Өмір шырақ –
 өзінмен егіздейін.
 Көнбе жетіп,
 көп тұлпар көрінгенде,
 Көптен бұрын,
 әйтеуір сені іздеймін.

Ақжолтайын
 әркімдер жинағанда,
 Боз өкпесін –
 тұл тасып, бұлдағанда.
 Жасын ойнап,
 жарқ етіп,
 жалын атып,
 Биіктедің –
 білікпен нұр бағанға.

Байыбынмен байытып айналанды,
 Талап-қүшпен тасыттың тайқазанды.
 Тай күнінен бапталған аламанға,
 Аңгарып ең,
 жұртым-ау, қай балаңды?!

Екі ауыз сөз –
 айтары қай жерде де,
 Тосылып еш көрмеген –
 қай көрмеге.
 Қабақ үсті қыранша зер салумен,
 Орын сайлап алған-ды қай төрде де!

Ерік-жігер!
 Еншің сол – жасымаған,
 Бақыт қонса –

базарлап тасымаған.
Кеңдігіне кеңістік сыйып тұрып,
Талғамыңа талайлар татымаған.

Тұлғасына айналып ел ішінің,
Көзге түсер көркемі – кенішінің.
Ардақ ісі ел-жұрттың алға тартып,
Таппай келед тау жолда белі тыным.

Ашық мандай, Айбарлым,
Азаматым,
Керек бізге бәрінен -
Саламатың.
Жұлдыз жанған жігітсің-
ұл-қыздардан,
Әуелетіп елдіктің ғажап атын!

Жәлменде

*Жалпақ жатқан Жалаіыр,
Қолыңнан үшты Жәлменде.
Керек десе тілдескен,
Құдаймен де, елмен де.*

*(Жәлменденің қазасын Абайга естірткендегі
Бодау ақынның айтқанынан).*

Құбатал сазға біткен, пырақ мінген,
Хақ жолды Алла – пірден сұрап, білген.
Шыққанда шақырыммен алыс сапар,
Жұбымен әлденеше құр ат жүрген.

Жетісу – кең өлкені ен жайлаған,
Келер ұрпақ қамына бел байлаған.
Қол артып Сібір, Бішпек, Ташкен жерге,
Жәкемді жампоз жұрты хан сайлаған.

Билік – Мансап.
Ол емен көздегені,
Құт қонған жұмақ өңір көрмек еді.
Сөз байлап,
Тезек, Маман, Абай досспен,
Көгіне өмір төрдің өрмеледі.

Жәкем-ау,
бар Алашта мың кіслік,
Тұлғанда арда туған тұр кіслік.
Тарихты арғы-бергі нарақтап кеп,
Талайлар тұяқ тартқан, жүр кішіріп...

Жарым патша бейнеде, заңғар бабам,
Нағыз патша өзінен жалтармаған.
Алып бітім енгенде Николайың,
Шара кетіп –
қау сақал тарамдаған.

Көніл қазы,
таразы көзіміз де,
Айдарланып жүреміз өзіміз де.
Коғалы көл,
мақпал жон жолбарысы,
Жәкемнің оралар ма жөні бізге?!

Асын биік асуды,
күдері бел,
Ілім-білім, із кесіп тұзеді ел.
Қақпан құрар қараулар байпаң қағып,
Қаңарынан қаймығып бүгеді бел.

Жорға менен жүйрігі белдеу тұзген,
Аламанға жол ашып, кел деу бізден.
Жеті дуан ел қамы ой тербетіп,
Ғалам-теніз төрінде көлбеу жұзген.

Кемеңгер, дана перзент,
ел панасы,
Алаштың болмаған-ау,
бей таласы.
Жалған-ай, Пышан ерді үзіп тұсті,
Құл топтың бок күзеген кей шаласы.

Жаныңды жақының алар демеп пе еді,
Жәкем-ай,
нені үкіткің елеп тегі.
Кебіні кемел туған Пышан ұлдың,
Кер дүние-ау, кімдер зәру, керек не еді!?

Баласы Жәлменденің Пышан отті,
Таңда мақшар қан жауып,
құба бетті.
Тауда тарлан,
ойда арлан болек бітім,
Жүргегін мың-сан жаиниң тұрақ етті.

Жалан-ай,
Жәкем де жоқ, Пышан ғайын,
Уытын заманаңың жуам шайын,
Атан жілік ер ташай,
аркар мүйіз,
Кок Тәңірге көз салам шыр айналып,
Тата корме,
бсу халым, бұған айып!

Пышан

*Каз табан жүйрік едім тас баспаған.
Пышан.*

Саф күміс Сарыесіктің бар даласы,
Қызыл су өзен асса –
кар жағасы.
Жалға деп Пышан сазын,
бұлақ көзін,
Батасын берген еді нар данасы!

«Каз табан жүйрік едің тас баспаған»,
Сурылса қайқы қылыш бас тартпаған.
Қысыр бұлт Қызыр жолын тұмшалап жүр,
Қайрылман –
жалпақ елім жақтас маған.

Желдіртіп салқы тесті,
сал торыны,
Қаумалап алды-артыңды қамқор іні.
Есігін Ақ боз үйдің айқара ашып,
Оздырдың би орнына сал-серіні.

Лебіңен білінбей бір билік-арын,
Сезгендей сабыр кейпің күйдің бәрін.
Сөзіңен қарауылсыз қаймақ тұнған,
Серпілді сары жұртың –
«Шиліқарын».

Ән есті,
әуе кезіп, «Ала қарға»,
Кім табар сынық мінді табаларға.
Жезтаңдай,
күмбір кеуде кілт үзілді,
Көгінде қыран құстың шара бар ма...

Баласы елес бүгін Жәлменденің,
Асады – бар Алашта пәрмен-демің.
Десек біз –
бұл фәниді базар-мекен,
Жампозым,
жұлдызысың Жәрмеңкенің!

Есті жұртым ынтызар

Мынау төр – Пышан сері ағып өткен,
 «Талантым – сорым,
 әлде бағым» деп пе ең?
 Алты орыс атқан шақта асығыста,
 Сынбаған сексеуілдей сағың неткен?!

Қаратал – қалың елің қабыргалы,
 Тұлғаңмен торы күнін жаныр тағы.
 Кер заман керме керді нелер-нелер,
 Сақтаған сары жұртты сабыр-дағы.

Сарыесік сал-серісін сағынады,
 Шоғыңнан алаулайды жалын әрі.
 Сумалдай ұйытады сазды әнің,
 Алашта ашылар-ау бағың әлі.

Бұрылды бес күн дүние беті міне,
 Үнтызар есті жұртым есіміңе.
 Ұмтылар сенің ашқан есігіңе,
 Берсін деп өзіндей ұл бесігіне.

Сен едің сенді бұзған, сөзі уәлі,
 Көрбілте, «көсемдердің» көзі уады.
 Тағы да таңдана біз тағзым еттік,
 Рухыңа келе жатқан төзіп әлі...

Кенен жерім – Көксуым

Кенен жерім –
кемел елім, Көксуым,
Көкке өрлеген көктемеден Көк туың.
Жыр – қыздарға, жұлдыздарға тағылған,
Жетісуда жел тербеген көп гүлің.

Толықсисың арай шашып толған Ай,
Баба-аруақ төбенде жұр қорғалай.
Көніл көзі ұзақ төзе бермейді,
Ұзап кетсем,
сағынамын, сол қалай?

Тайсалдырған қалмақты да, ойратты,
Жалайыр жұрт қазақ ұлтта айбатты.
Мың түлеген миуа-бақ елімде,
Ұрпақ өнген,
ерен алғыр, байрақты.

Тербетесің түсімде де жетсем дұр,
Кие бесік кереметім, көксенгір.
Өрің – жайлау,
етегің – кен, көк шалғын,
Алты алашта ел-жұрттымен өскен бір.

Аспантаулар аясы

Мөлдірекен ен дала моншағындаі,
Таңмын саған,
Қарасаз, қанша ұдай!
Алақайлап тік тұрар Аспантаулар,
Аясында тербелер қол созымда-ай!

Мұқағали мұсінді Аспантаулар,
Алтай, Атырау – Алашты жатсынбаңдар.
Білем, білем,
тек Мұқаң майдай өбіп,
Өр кеуденен именбей аскандар бар.

Мынау жазық,
ен сайлар былқылдаған,
Сиқыр тұнып қалғандай тылсым далам.
Көз алдыма келеді-ау дана Мұқаң,
Аяқ тартар саздан да жыр қырлаған.

Жыр қырлаған жампозым, сыр тындаған,
Байтақ бейіл, байырғы жұртың да аман.
Қара өлеңнің киесі бір басында,
Ұлтың да аман, пендे кем құлшынбаған.

Сөзге келмей көшер ем ауылыңа,
Жанарымды тосар ем жауыныңа.
Өзің жетпей жүрсің-ау, қайран Мұқа,
Бір уәж айттар алқалар қауымыма...

xxx

Қара жерде білсем де құлақ барын,
 Аулақ барып келеді сыр ақтарғым.
 Ақын деген ақ сезім,
 ағыл-тегіл,
 Артық кетсем жұбатар бұлактарым.

Өз Арыма әліпби құрап қалдым,
 Эдеп-нысап ілімін құр ақтардым...
 Естіменнін арғы да,
 иә бергіде,
 Су түбінде солғанын құрақтардың...
 Жауабына қалдым-ау сұрақтардың.

Ақ ниетім біреуге үнсіз жетер,
 Күн көзі де
 ашылmas тұнсіз бекер.
 Эншейінде желбуаз желік бұлттар,
 Өз-өзінен жөңкіліп,
 Үркіп кетер.
 Тамшы тамбай аспанды бұлкілдетер...

Тектілерге тегінде тірек болдым,
 Қылық түзіп қырмызы -
 жүрек толдым.
 Жол ашумен келемін жақсылыққа,
 Жібек создым,
 Мен де бір жібек создым.

xxx

Шырын сүзген мен де бір бал арамын,
 Ой маздатып,
 кіл көктем жаңарамын.
 Жарасты үн,
 жансая әлем құрып,
 Аштым-ау жан-жүректің сан аралын.

Көрген жерде кей жанға тоғаясын,
 Болмаса да парызын, жоқ аласын.
 Күні бойы азық сол –
 әлгі әсерін,
 Түсіннен де шат сезім оянасын.

Қызыл тулкі қырдағы,
 қай арманың,
 Көлбеу бетте қанатты жая алмадым.
 Табанымда тайқып мың қожы тастар,
 Аялдамас белде сәл аялдадым.

Сапар көп-ау бас алмай дөгаратын,
 Аяқ асты аярдан қол аласын...
 Сылып тастай білсем-ау,
 сылып тастай,
 Көзден асқан көңілдің ноғаласын.

xxx

Аума да, төкпе күндер-ай,
 Байқалар райы демінен.
 Жұпныны кейде,
 бірде бай,
 Жампоз да, жанат серің ем.

Ақ таңды тосып алданып,
 Жүректің ұшы сыздаған.
 Ханнан да халқы қалған ұқ,
 Сақтасын күннен қызбаған.

Қынапта ұстап қылышын,
 Баңадұр ұміт артқан-ды.
 Ұйытып байтақ ұлысын,
 Өздері серттен нарт жанды.

Күндер-ай, өктем, күндер-ай,
 Тәменде есем кететін.
 Күндер-ай, көктем, күндер-ай,
 Тәбеммен көкке жететін!

Сарыесік тербетіп

Сарыесіктің самалы өбіп жетілді,
Жидек терін талай тісім кетілді.
Көкше көлге көлбей жатқан қарайды,
Сезім билеп бозбаланы не түрлі.

Тойы тарқап,
күзді тосқан тораңғы,
Дәл сол күні ауыл төрі боран-ды.
Дауыл тербеп,
толқын тулаң, құс ұшып,
Бала қиял биіктерге жол алды.

Серпін сонау серік болып өмірде,
Селкеу түспей Сарыесікке – төл үнгे.
Жалғыз нәрсе жанына оның жат шықты,
Олуге бар,
бірақ жоқ-ау көнуге.

Саз жететін салқын таңда артынан,
Сол-ақ екен сейілетін бар тұман.
Сарыесігі – сары жұртты тұрғанда,
Женіс бермес сайystарда жалқыдан!

xxx

Қанат қағып армандарым,
Тарландарға таңданбадым.
Салған ізім –
сапарларда,
Кол бұлғайды барған бағым.

Көп өнерді төркіндетіп,
Көкке сәл-сәл бөркім жетіп.
Жүрсем – арқаң, Атамекен,
Өзің – айдын, көркің – бесік.

Жүрек әнді кіл іздейді,
Жылдар табы білінбейді.
Алғы топтан қалыс қалман,
Арта берсін жүгін мейлі.



xxx

Таныс бейне, таныс бақ,
Іздері сайрап жастықтың.
Жүректер тағы табыспақ,
Лебі де жоқ-ау сақтықтың.

Гүлзар-жайдың бесігі,
Тербеле тыныс алады.
Жатталып жүрек есімі,
«Угай-ай» әнге салады.

Айта да алман жан сырын,
Алқынған жүрек қосылып.
Жанардың бүркеп жарқылын,
Үн қатады тосылып.

Жел сыбырлап жетермін,
Бөгде жоқ-ау менде амал.
Өзің деп жылдар,
өтер күн.
Кермиығым кермарал!

Ұлыстың ұраны

Дабыл! Дабыл!
 Сарбаздар, дулығалы,
 Қайғы-қасат қабысып, булығады.
 Ойды орап,
 қалмақтар қырды қырған,
 Ойраттардан қалған ба, құлық әлі.

Дауыл! Дауыл!
 Сырт мінез – серіппелі,
 Науша жасқа кімдер-ау, еріп пе еді?!
 Намыс буып: «Райымбек!», «Райымбек!» деп,
 «Көкайнакпен» – құба бел қеріп демі!

Батыр бабам,
 бағадүр Ұран еді,
 Тандай қағып, тербелді Тұран елі.
 Сабат жерді қайырған, салқар көшті –
 Райымбегің! Халқым-ау, құп ал енді!

Бадана көз,
 тоғыз тор, сауыт киген,
 Кәміл пірі қорғаған қауіп күйден.
 Емен сапты найзасы үркін елде,
 Құтын алып кас-жаудың,
 тау идірген.

Сабыр! Сабыр!
 Ел-Айбат – Хантәнірі,
 Мыңжылдықта жаңғырған жан қадірі.
 Аспан-көкте жұлдыздар жанаң-ғайып,
 Жарқырайды – Ұлыс-от танда бірі.

Кер заманды кеу-кеулеп жел кетеді,
 Нар шөккен жер – жусанды кермек еді.
 Мәңгі бесік – Алматы. Миллион жұрт,
 Тарланбозын тәуліктे тербетеді!

Артық кетіп кейде біз,
Ар алдында қаламыз.
«Жел сезімді женгеміз»,
Шетімізден данамыз.

Өмір – өрнек молығып,
Сағым құшар көп кезең.
Қалса да сол соң үғып,
Тыншымайды көк дөнен.

Бақыт, шаттық дегенің,
Ақ таңдарың ататын.
Асып, артар дерегің,
Аптықбасаң аса тым.

Тамиши күндер сызат сап,
Толқын құштық тулаған.
Кеттік кейде құз аттап,
Желік бітіп булаған.

Өмір заны тым қатал,
Сақта мейлі, сақтама.
Көтермелік құр бокал,
Ақыл айтып басқаға!

Білезік

Бойтұмары біздің үйдің ежелден,
Бір-ақ бұйым – тұла бойы көнерген.
Дидарына дала – дәуір ұялап,
Дана жакұт қалған білем тең елден.

Эз шешемнің әжім-өрнек көзіндей,
Таңдарыңдай бізді күткен көз ілмей.
«Сақтадым мен сары жұрттан бір белгі», –
Дейтін апам, болашаққа сөз үндей.

Содан бері бойды баурап білезік,
Жылуынан ана-құшак түледік.
Балдырған шақ сезбесек те қадірін,
Жоғалмауын әрқашанда тіледік.

Иә, иә, білезік бұл жадымда,
Сақтау парыз – көп тарихты, азын да.
Жылытатын жаңа ұрпақты, әuletті,
Тылсым тұнған тым байырғы қазына.

Жеткен шығар жалпақ Тұран жерінен,
Әлде байтақ – Моголстан елінен.
Мүмкін Сақтар қалдырған-ды сұлулап,
Тұу! Тасып кеттім білем, тегі мен!

Бірақ нәрсе білетінім анық-ты,
Балаларым бұл сырымды сан ұқты.
Заман-көште анасына апамның,
Бұл білезік шешесінен қалыпты.

Баяны ол – ана-жүрек Сенімнің,
Белгісі ол – жырга өзек тел үннің.
Ұлдар өскен біздің үйде білезік,
Көшкен еді білегіне келіннің.
Қызымыз бар енді бүгін – Ақмарал,
Білезіктің жаңғырарын сезіндім...

xxx

Көмбө сезім қылаулады,
Бөгде мұндар ұға алмайды.
Бақыт құсы қол бұлғаса,
Ырысты құн ылау қайғы,
Мәйек ойлар мұнарлайды.

Сәл нәрсеге жұбанатын,
Екі айттырмай құп алатын.
Бала мінез бойды баурап,
Бесік төрден үн жаратын.

Күтемін тек дегбір кете,
Сүрлеу таппай ең бір төте.
Ақ сезімім нұрға айналған,
Селдет, тәпе, мөлдірлете.

Құмарту

Судың сусар жанатысын,
Салған жерден жайнап кетер.
Қандай ердің қанатысын,
Бұлбұл бақта сайрап өтер.

Дүрия мақпал манатындей,
Жүзің жайнап, шашып арай.
Жүрек тілін алатындей,
Шақырдым мен қасыма жай.

Өмір тұрса таңданудан,
Таңдай қағып үйренер ем.
Жалықпас ем жар салудан,
Мәжнүн бейне күйге енер ем.

Сұлулықты аямаган,
Табиғат тым шебер-ақ-ты.
Неткен ғажап аялаған,
Мың да бір күн келер бақты.

Саф-саф көңіл, солай дегін,
Неге сонша құмартамыз.
Таңдау – төрде талай бегім,
Ғұмыр көшті ұзартамыз...

Көңіл толқыны

Жылдар салып өрнегін жүзімізге,
 Қыраулана берді ме күзіміз де?
 Жаңғырық бар
 және де, жаңғыру бар,
 Сары жұртта саф қалған ізімізде.

Биік жерде гәп неде, аласардым,
 Мадақ – мақтау өзгеге таға салдым.
 Өз-өзімді түйсіну керек білем,
 Сәске түс,
 Сенем талай тау асармын.

Ыржақтайды, мынау күн,
 ыржақтайды.
 Құсқанаты күнара қырбақтайды.
 Жамиғатқа бақ та, тақ та елес бүгін,
 Қара жерде қалқайып тұрмақ қайғы.

Жыр-сезім шәлкез келер шәлідейін,
 Санакта жоқпын білем – әні кейін.
 Шәрбатты шабыт-сылқым, құшшы кәне,
 Бал тұнып, елігейін,
 дәрідейін!

xxx

Жалт етіп жасыл жоннан көрінгенің,
Сол таңға жанып, бусап, көз ілмедім.
Жадымда жайнақ көштей жаңғырасың,
Бар шығар,
Бар-ау, бәлкім, өзімде мін...

Құпия «Мона Лиза» күлкісіндей,
Алтайы қырдың қызыл түлкісіндей.
Жасындај жалын атып жанап өттің,
Келемін тылсым сәтке кіл түсінбей.

Киялмен қалы кілем ұшсам ба екен,
Аспанда ағайын жоқ құстан бөтен.
Тәңірге – Толағай күш жалғасып, беу,
Періштем, тауып сені,
құшсам ба екен.

Білемін, ғарыштасың, алыстасың,
Көзіңе тамып еді намыс жасым,
Ғайыптан жаратылған ақ үрпек қыз,
Құлақ тос, ғазиз әнім қалықтасын.

XXXV

Күшак ашып жақұт тұн,
Бұлақ үні – ғашықтың.
Байғыз әнге басады,
Белгісі боп бақыттың.

Бикеш енді қашық тым,
Бозбала тұр басып мұн.
Күбірлейді ой тұзіп:
«Неткен сонша жасықпын!»

Жәутең қағып жүлдышдар,
Жүзі пәстегу шың-күздар.
Дала түнін мұнайту,
Үят қылышқ үл-кыздар...

Балқаштағы арулар

Сол күн әлі есімде,
Көк айдынга келгенің.
Жалт қараған бетінде,
Жан-жүректі тербедің.

Сәмбі талдай сәндеген,
Табиғатқа таным бар.
Салтанаты әнменен
Балқаштағы арулар.

Қылышынды асырып,
Қалқып жүздің шалқалап.
Құн нұрынан жасырып,
Тұрғым келді қалқалап.

Айналайын жүзінен,
Мәлдіреген жанары.
Ақ білектен үзілген,
Моншақ толқын тарады.

Шомылғанда, перштем,
Ізің қалды теңізде.
Бой көрсеттің кеңістен,
Дегендейсің, мені ізде.

Жете алмадым қалқама,
Тас моншағың ғажап-ак.
Айлар артта қалса да
Жүрсің жаным, мазалап.

Балқаш көлге балдырлы,
Аңсап келдім тағы да.
Айнамкөзім таң нұрлы
Кездесе ме, бағы ма?!

Дарабоз-Ана аманаты

(Жыр-дастан)

I

Белді буып,
безін сауып қайыңың,
Қатарынан қалған едім қай ұлдың.
Тау бейнелі Төле бимен ой жалғап,
Ел нәсібін қылтаң тұста қайырдым.

Есі кеткен ел іші.
Қауы тұман,
Күн қорғалып, қалмақтың дауылышынан.
Саласындай бір қолдың сайыс салдық,
Тер сорғалап тұлпардың сауырынан.

Көлімде көлбей жатқан қалқан толқып,
Бей уақыт бей-берекет шортан шоршып,
Ту етіп жігерімді,
тас жанырдым,
Кысылып жалтарғанда тарпан, қортық.

Малта, құрт жорық үсті азық болып,
Самсаған жаугер атқа жазық толып.
Елдіктің ертеңі үшін қан төгілді,
Тек кетпей жау қолында азып-тозып.

Ғұмырдың талай көрдік ғанибатын,
Дарабоз есім тақты жамиғатым.
Арындал ағып өтті өмір-өзен,
Азандап шақырғанда – Қанипа атым.

Қан тамған қақтығыста қара көзден,
Даланың жылағанын дара сезгем.
Теңселген сең соққандай сарбаздарды,
Сергіткем серіппелі сара сөзбен.

Шырылдап таң бозынан бозторғайым,
Бүгіліп зарын төккен тозған қайың.
Өлкемнің өршіл кейпін айта алдым ба,
Комында атан түйе қозғап жайын.

Құдіретті тылсым күш таныдым да,
Жігерімді жалынға жаныдым да.
Нардың жүгін көтердім,
ардың үнін,
Малынса да мын,
сан рет жаным мұнға.

Күндер өтті нақ сынға түсем деген,
Күнгірт көніл күлкімді кісендеген.
Көппен бірге табылдым намыс топтан,
Қоңыр үйде күбімді пісем де мен.

Тәнір ісін тәлейге түйе білгем,
Ұлтым үшін ес тұнып күйе білгем.
Түйе мініп,
хас жауға қаңар төктім,
Табылмады еш мінім сүйегімнен.

Құландаі құлдыраған құла дүзім,
Байқағам байсын жүрттан бұлақ ізін.
Барымды базарлатпай бәтшағарлар,
Қаным ойнап қамықтым,
құлазыдым.

Аят оқып,
қожамен бәс қылмадым,
Бетін бастым тас мерез қас қылғанның.
Ұяласқа қас қылмас қашанинан да
Бөлтірігін баулыдым қасқырлардың.

Жасантып жампозымды жауға қойған,
Заманаға не сауал,

саяға бойдан.

Дабыратып құр атақ малданғанды,
Маңдай тірең,
тегінде дауда сойғам.

Қайсібір түйсік кемшін тұл айтады,
Қарантан қарап тұрып мұңайтады.
Жеріме жасыл желек,
манат жапқан,
Жарасар тұлпар-тұяқ,
құмай тазы.

Келгенде мына елге хан Абылай,
Деген-ді:
жұмылған жұрт талабын-ай!
Бұл баға балталасаң өшпейтұғын,
Салғайсың өсер ұрпақ сарабыңа-ай.

Тарих – жел,
таудан асып өтті бәрі,
Болмасын бөгде жұрттың көп күмәні.
Білерім – белді буып,
беріспедік.
Сақталды бар сынақта беттің ары.

II

Жеті ықылым дәуірден желіндеген,
Жетісуды бар бабам елім деген.
Шерге толы Шеруке боздататын,
Қара қобыз кереге керілмеген.

Атағы алыс кетер Ер Алаштың,
Саясы кенен болар бел ағаштың.
Ей, ұрпақ!
Құрт түсірме өзегіне,
Күәсі – Күнім жайнар ен ғажаптың.

Құласа құғын көріп құлан жарға,
Түрленіп,
тұмсық қайрап тұрар қарға.
Он ойлап,
сан толғанып самғау ләзім,
Жел беру керек пе еken құр арманға!

Құлақ сал!
Дәуір саған серт етті ме,
Сынағам – сыр алдырмас еркекті де.
Арайлатап Алаш таңы атып тұрса,
Бабалалар бағыт ондап,
тер төкті де.

Қамын күйттеп,
қалың жұрт, жарық күннің,
Тұн ұйқыны төрт бөліп, тарықтым мың.
Әркім басын қорғаса кетер едік,
Құшағында аждаға,
алып кімнің?!

Бөлінбес жаңан жолда ел іргесі,
Белгілі жауқазын жұрт жеңілмесі,
Көк байрақ көкте тербел көптің үнін,
Айғақ боп енді қазақ телінбесі.

Абырой – адамдықтың алтын тағы,
Не қажет алтын-күміс жарқылдады.
Бірліктің еңсесі елде биік болса,
Малың да,
жаның да сол алдындағы.

Жол білген жалтақтамас керуенге,
Өтейді бәрін еңбек, терімен де.
Бақытты,
бакуатты тіршілікті,
Жаратқан беріп келген тері кеңге.

Үміт күтем мерейің ұstemіңен,
Беделің білім-білік,
күште білем.

Аққуды ана мейірім анық көрдім,
Құбыладан құлаған құс легінен.

Тәнірдің болмас тегі тарынғаны,
Қыз туар тамам жұрттың сағынғаны.
Жасантып,
жайнақ етер аймақ төрін,
Басында бұл перзентің бағын-дағы.

Тұрленіп,
дидар толқыр, дала керім,
Бастауда бұлақ тұнар Ана-сезім.
Бекзаты кие қонған болар елдің,
Келер күн сөзін ұста дара өзің.

Бұл менің өсер ұрпақ Аманатым,
Шығандап кете барсын ғажап атың.
Аршындал айлық жерге Қазанатың,
Аузынды Айға біле,
Азаматым!

Қайталай қанат қомдал Күлтөбеден,
Үкілеп үмітімді үн төгер ем.
Мың тұлеп,
түркі тегі Түркістаннан,
Өрістеп өніп жатыр, жүлде көрем!

Тұран Тарланы

(Болек бидің рухына)

Даланың дарып көндігі,
Бойыңа біткен бар талап.
Айбынды аймақ елдігін,
Рухыңмен келдің алқалап.

Құрлық та астың түрен сап,
Жұртыңың мұны жетелеп.
Қоқан да, Қытай білем нақ,
Жолыңа түскен төтелеп.

Кыспақта жықпай туынды,
Туган ел сазын шалқыттың.
Жауың да сезбей сырыйнды,
Тұмасын таптың бар құттың.

Тұлғанды бүгін даралап,
Айшықтап жатыр ұрпағың.
Тамшың боп тамсақ жаарар-ақ,
Қалқалап мәңгі нұр-тағың.

Халқымның асқақ арманы –
Азаттық.
Тендік.
Даласы.
Қыран боп Бөлек самғады,
Тұранның тарлан баласы.

Тезектей төре тіл тартып,
Ақ патша айыл жинаған.
Жиында өсіп, кіл шалқып,
Жауларын жіпсіз қинаған.

Замана сұсын қаңарлы,
Қайтарған ардақ арыстар.

Шұңғарек көзді шақарды,
Бөлектей нағыз нар ұстар.

От-жалын лаулап Ар-намыс,
Батыр.
Би.
Ақын атанды.
Қылаудай таппай қалған іс,
Арнадық асқақ бас әнді.

Бақыт қой, бақыт бүгінде,
Бабаның даңқы асқаны.
Шапағат-нұрдан арылма,
Қазақтың жаңұт аспаны.



Ел ардағы

(Наурыз Қылышбаевқа)

Откенін өнегемен тәлімдеген,
Сайрап тұр салтанаты, сәні кілең.
Тағдырдың тар телпегі киілсе де,
Түйсінген дүр-дүние мәнін бірден.

Сайыста кілең дүлдүл сан атылған,
Қаймыққан көп үміткер қарасынан.
Білікті білімменен сынар өріп,
Озған-ды өзгелердің дарасынан.

Ағысы Қараталдың қайрат берген,
Намысы жалын атып байрак төрден.
Тұлпардың қанатына дем берсін деп,
Тәнірім жеңгемізді сайлап берген.

Ұрпақ бар - өніп, өскен немерелер,
Көбейсін шөбере мен неменелер.
Алашта ардақ тұтар, Наурыз аға,
Шаттыққа, бақ-дәuletке кенеле бер!

Әмбә ӘРІН

Дүкенбайдың кенжесі

Сарыесіктің сазы тербел жүрегін,
Ұштастырған ел-мұратқа тілегін.
Жалғыз қазақ ел-куатқа тамыршы,
Жаратылған, дара тұрған білемін.

Дидарынан желдің лебі өбеді,
Жылуынан тұздің гүлі өнеді.
Қырда туып, қыран көкті таңдады,
Ақ жолынан үміт күткен көп еді.

Байқалады жанарынан парасы,
Ойға бар-ау,
дауға жоқ-ты санасы.
Тұнығынан щелін басқан мың мәрте,
Ер Тұранның небір ерек данасы.

Кенде қалған кен ғылымды зерттеген,
Шұу асауды тақым басып ерттеген.
Бар қазақты былай қойып сын шақта,
Кенжекенді шақырамын сертке мен.

Білім – дәрия,
өмір-толқын, ерлесін,
Азық етер жаған тегіс көмбесін,
Жүзден жүйрік Дүкенбайдың кенжесі,
Шығып алған кемел оймен төрге шың!

Көңіл деген құсканат

«Әміре, сен де жалғыз, мен де жалғыз».
Ахмет КЕҢДІРБЕКҰЛЫ

деп едің дәл осылай қолтаңбанда,
Еске алам –
соны бетке жол салғанда,
Көңіл деген құсканат көкке тартар,
Беу, Аха, тізгін тартпа, ортаң барда!

Ортаниң қызығы да өзіңменен,
Тұлғаңа туа біткен төзім деген.
Шарқ ұрдың,
Шарайнада толып бейнең,
Таңдарың қол бұлғайды көз ілмеген.

Иә, Аха, сен де жалғыз, мен де жалғыз,
Шуаққа маңдай өбер кенде жанбыз.
Қуаттап қырық рулы жұрт жатса да,
Қаңбақтай қалт-құлт еткен елге таңбыз,
Өрге сал,
досым менің, сембе жалбыз!

Ііріп әкетпеді шәркез сезім,
Үлгінді ұстанды көп әркез сенің.
Дилы жүрттан аулақта ойға батып,
Қайырдың қайырмасын ән-кестенің.

Құмай тазы салмадың,
қыран баптап,
Саясатта солмадың ұран жаттап.
Қай қиырда жүрсөң де, қай сынақта,
Қанатына дем беріп, тұрам жақтап.

Төрге шықса әманда төредейім,
Бой тіктесе толағай төбедейім.
Жүзінде де күзінді білдірмегін,
Алқа топта бақытқа бөленейін!

Топжарған

(Айтжан Тыналиевке)

Елбасы сыйлық берді жарқыратып,
Топ жардың аламанда нарқың асып.
Астана сапарынан күтіп алды,
Құшағын тағы міне халқың ашып.

Марапат арайланған таңы қандай,
Жүректі биік шыңға жанығандай.
Қашанда үлгі тұттық ізетпенен,
Нәсіп арта берсінші, бағың лаулай!

Тұлегі Сарыесіктің тұлпар түяқ,
Сайлаған өмір-белде сұңқар тұрақ.
Қадірлеп,
құрмет тұтып, айналасын,
Жүзінен төгіледі нұр балбырап.

Жайқалған көкорайлы өрістері,
Есінде жұртшылықтың көп істері.
Болса да ен асулар,
өткелектер,
Біліммен, білікпенен беріспеді.

Өмірде қалыңыздар болып аңыз,
Женгеммен –
Лизамен толығамыз.
Бәрінен аман-есен жүріндерші,
Сан мәрте тойлы төрде жолығамыз!

Бақыт құсы

Таңғы ауаның самалын,
Көктем гүлі тербейді.
Ақ арудың жамалын,
Ғашық сезім кернейді.

Бақыт құсын сағына,
Жүрек толқып аңсайды.
Сайра келіп бағыма,
Көңіл көкте самғайды.

Ақша бұлттан арылып,
Жайнап кетті айнала.
Асыл нұрға малынып,
Аймала Күн, аймала!

Дәрмен қайда қайтуға,
Бал татыған дәурен-ай.
Құстар әнін айтуға,
Асығайық, сәулем-ай!

Өзің болдың қалауым,
Алтын жүзік тұмарым.
Басылмайды алауым,
Шыңға біткен шынарым.

Сағыныш

Келем деп ең кетерде,
Тосам сені қарайлап.
Салған әнім жетер ме,
Таң атады арайлап.

Қатар жүрген шақтарда,
Қос аққудай жайнадық.
Гүл өсірдік бақтарға,
Би биледік, айналдық.

Күн күлімдеп жүзінде,
Шуақ құйдың жаныма.
Үміт жібі үзілме,
Сен жаралдың бағыма!

Сарғайтады сағыныш,
Қарап жүрмін жолыңа.
Жұлдыз болып жайнап ұш,
Коншы, қалқам, қолыма!

Атажұрттың ардағы

(*Әні бар*)

Ежелден бар салтымда,
Үлгі тұтар нар тұлға.
Ардақты ұлы Алаштың,
Жұлдыз жанып жарқылда!

Қ-сы:

Ел сенімін ақтаған,
Баба салтын сақтаған.
Арыс туған ағажан,
Бақыт жолға бастаған!

Қызыр қолдап нақ бүгін,
Аспан тербеп шаттық үн.
Бегің берік тұғырда,
Желбіретті бақ туын!

Ашып елге жүрегін,
Баптап тұлпар күреңін.
Ерен ақтап келеді,
Баба берген тілегін.

Атажұрттың ардағы,
Алыс шепке самғады.
Айы туып онынан,
Орындалды арманы.

Елі сүйіп қалады,
Сенім оты жанады.
Бақыт күйі тербетіп,
Бұлбұл әнге салады.

Көк айдынды тербеген,
Бәйгеде жол бермеген.
Адал ұлың биіктे,
Киянға қол сермеген.

Ақ жол алға өрлесін,
Жұлде кернеп көмбесін,
Маздап жанған алауы,
Мәңгі-баки сөнбесін!

Жұлдыз асып барады

(Нұртай Бұлдыбаевқа)

Ерек туған Алашта,
Қарсы бұтақ – ағашта,
Ұлы мақсат жолында,
Талай түстің таласқа!

Таба алмаспыш балама,
Таза тартқан далама,
Сөнді деуге шырағың
Сөнбей жүрміз, жан аға.

Аға, іні, бауырлар,
Аруақ сыйлар қауым бар.
Туған жерде қарсы алды,
Ақ нөсерлі жауындар.

Тағдыр сілкіп сананы,
Мұң-шер бойға тарады.
Жүрген жолың қазір-ақ,
Жұлдыз асып барады.

Самғау

(Жанат Елишібековке)

I

Балапанбыз, таңсық бізге қалаңыз,
Келген жанға алып-ұшып барамыз.
Үйге түскен керім келбет ағасын,
Досым менің таныстырды қараңыз.

— Жанат ағам Алматыда оқиды,
Көрген заттың бәрін көңіл тоқиды.
деді, — дағы мақтан билеп Есаған,
Жерошаққа ағаш әкеп, от үйді.

Жанат аға лебізінен бал тамад,
Алыс қырға көз салады қалқалап.
Сұнғақ бойы,
Көзәйнегі, киімі,
Біздер үшін барып тұрған салтанат.

Саз жігітке ұқсауға біз тырыстық,
Көп нәрсені үнсіз ғана ұғыстық.
Арман құшып, жылдар ұтып кейіннен,
Журналистік кәсіппенен туыстық.

Жанат аға қай қырда да үлгі еді,
Талант қырнап,
Талап шоғын үрледі.
Ойға тұнған,
Сөзі тамған жерінде,
Бұл дүниенің келе берген күрмеуі.

II

Қимас күндер Көкше теңіз жағасы,
Толқын тербеп, толқыған-ды санасы.
Терең тартқан жанарынан көбіне,
Білінген-ді бекзат ұлдың парасы.

Қызыл жыңғыл,
Қыңыр шенгел жадында,
Бұйрат құған сексеуілдер бабында.
Қүретамыр – қара жолда көп жүріп,
Балаң көңіл ұюшы еді-ау сағымға.

Алға тартқан,
Аланғатқан аралдар,
Аласарған алдан шығар қамалдар.
Жауқазындай Жәкең жүрген қыр-белде
Маңдайынан мың бір сүйген самал бар.

Бала шаққа болашақты жалғаған,
Қыран жігіт бірден көкке самғаған.
Қай ендікте,
қай кеңдікте жүрмесін,
Кездері жоқ шамшырағы жанбаған.

III

Қолтаңбасы ерте кезден ғажап-тын,
Небір еңбек жазылар-ды аз-ақ күн.
Бір өзінен өрілген-ді мың арна,
Бір дәуірі бастау алыш қазақтың!

«Лениншіл жас» – төл мектебі мәңгілік,
Бапталған-ды хас тұлпарға тән күлік.
Көркемдіктің көк өскінің дәп өріп,
Салды сурет сан қыырда сән жүріп.

Шақтары мол тау асарда шөлдеген,
Көп сынақтар көлденендей көлбекен.
Жақсы күндер құшақ ашты жадырап,
Ақсұңқарың топты жара өрлеген.

Қос басылым – қос жүрегі елімнің,
 «Егеменге» бар ынтамен берілдің.
 Асқақ рухың,
 Кең тынысың ашылып,
 Биігіне шыға білдің сенімнің.

IV

Елінің де,
 Сөзінің де қанаты,
 Елшібектің ерен бүгін Жанаты.
 Атырауда, Алтай жақта жүрсек те,
 Тасқа басқан, асқар асқан бар аты.

Отыз кітап қашап берді қаламы,
 Дара дейік,
 Тұлпар-тұяқ дараны,
 Әуе тербел самғағанда қашанда
 Тұған елі, өскен жері – бар әні.

Бір кітапта қоштасады теңізben,
 Бір повесте балықшылар – сең үзген.
 Ақшағала – Сарыесіктің сазы бар,
 Басқалардан біздің енді неміз кем.

Неткен шабыт,
 Тербе, керне тағы да,
 Оқырманың көз тігеді сағына,
 Жанат аға!
 Төре төрден табылған,
 Аман жүрші, қазақ елі бағына!

Ақ әлем

(Несін Жұнісбайұлына)

Асырмаган көк толқынды қеудеден,
Ақық сырын арман-қанат тербеген.
Топшысын да өзі қырда сыпырған,
Ақ әлем боп, шайдай ашық жейдемен.

Соқпақтары сыр бүгеді соныда,
Өскін жарып оны,
тіпті солы да.

Сан-сан кітап ғасыр жүгін көтерген,
Қорғасындай салмак тартар қолында.

Ілгеріде, енді бүтін, кейін де,
Кенен пенде болса егер пейілге.
Шырақ бейне шоғырында шок жұлдыз,
Алау отсыз!
Тең көрмеген бегін де.

Жеткен білем, бабалардан сарқыт леп,
Жасын ойнап,
жебеп жүрсіз, жарқ-жүрқ кеп.
Әуелейді қадау-қадау інілер:
«Нес-агаңа тебінгідей тарттық деп!».

Саңлақ

(Әбдіқажым Рысдәүлетовке)

Әбағаң дос-жаранды жиып жатыр,

Сол әдеп,

беделінде сыйында тұр.

Алдаспан майданында Ақиқаттын,

Есімі Бас прокурор туында тұр.

Турагын,

Билік айту тегінде бар,

Шыққанда сөзсайысқа бегім қалар.

Жантықтар жарқабақтап жолдан тайса,

Жібімес,

Мұздай қатып, кегін де алар.

Қайда да серт тұрарға тең іздеген,

Қайнасқан Көкше мұнар теңізбенен.

Түскенде аламанға,

Алқа топқа,

Толқындал, тулап шыққан лебіз деген.

Әбағаң абзал бейне, байтақ әлем,

Қыр-сырын жалпақ жүртқа айта берем.

Басымнан кеше ғана сипаса да,

Күн өтпей сағынып мен қайта келем.

Жәлменде би рухындағы қалықтаған,

Үйсін-Найман өрісің, халық – жағаң.

Ұлағатың ұрпаққа ұласады,

Бұл жағы бес саусақтай анық маған.

Құдалар

(Әні бар)

Құдаларым алтын жаға,
Тамыр тартқан салттым жаңа.
Көргендінің қызын алып,
Бұтақ жаймақ жарқын дара.
Құдайындай құрмет тұтып,
Құда күткен халқым дана.

Қайырмасы:

Құдалар-ау, құдалар!
Бастау алды тұмалар.
Қызы бардың – назы болар,
Ұлы бардың – сазы болар.
Жұптасып ап самғай берер,
Қанаттарын жазып олар.
Құдашалар қайда екен,
Қалжыңымды құп алар.

Қолға қонып балапаны,
Өз балаң бол саналады.
Қос жүректер бірге соғып,
Ақ тілекпен таң атады.
Күйеу бала жұз жылдық бол,
Жалпақ жүртқа жарасады.

Құйрық, бауыр бас табағым,
Жалғасады қос табағың.
Қымыз, шұбат, құрт пен майын,
Қазақ салған асқа бәрін.
Мың жылдыққа құда болдық,
Шырқатайық жастар әнін.

Іздеп жүрөм

(Жанкүміс Жәменекеге)

Жанкүміс те өзіңсің,
Жанна қыз да,
Жан сезімін ұқілер баршамызға.
Құндақтаумен бесігін «Жетісудың»,
Айналып беу ақ дидар – алқа жырға.
Ақтарылман қалайша қалқамызға?!

Малынып әр таңымыз арай нұрға,
Әріптес ән қайырдық талай қызға.
Көнілді бүрмеледік, жүлделедік
Көш көркі бір өзіне қараймыз да.

Байландық қазыққа бір тасып жүр ек,
Қаламгер қадым шақтан ғашық жүрек.
Қадірлер қатипаны бөз біткеннен,
Айнам-ая,
ардақ бейне, асыл жібек.

Құлпырады көктем күн, құлпырады,
Өлеңқұмар жүрегі жыр тұнады.
Пәк үмітін кестелеп шілтер күйге,
Ақ көбелек әлемге ұмтылады.

Жан бітіріп жайнаған жүзіктерге,
Өзек жалғап сын сәтте үзіктерге.
Күй сандықтың саз үнін келтіріп ап,
Серт тұратын,
достым-ай, білік – төрде.

Келші бермен,
Жанна қыз, келші бермен,
Кәсібіміз женіл ме кеншілерден.
Елдің шетін бүтіндер, ерлік тұнар,
Кемшін соғар біз бе екен, елшілерден.

Көз ілмеген таңдар-ай, көп іздеген.
Қайдан шығар білмеймін,
төзім деген,
Айқара бет «тудырып» түні бойы,
«Қалжа шайды» жылыттың сөзіңменен.

Ой орам, тіл жүйесі көптен бөлек,
Іші нұр, шынар тартқан, өскен желек.
Арқауы алтын арна – төркін жұртта,
Сәбең мен Габендерден жеткен дер ек.

Шаңырақ бір. Сонда да іздең жүрем,
Төте тартам көп ретте тұзден кілең.
Сағынатын. Кей-кейде шағынатын,
Асыл болмыс айнымас жұзден бір ең.

Талаптыны танытар биіктерде,
Тылсым тыныс ашылар – киік белде.
Тілшілікпен тұтатқан тіршілікті,
Бір қыз көрдім –
өзіңсін сүйікті елге.

Бәйге деген сірә не – бәсіре бар,
Шаң қауыпты жігіттер әсіре нар.
Жұлыздардан тұратын,
күндыздардан,
Жанна қыздан айналдық
«Бәсіне бар!».

Әйгерімнің тұсауқесері

Шактал сәби бойына,
Жұрт жиылған тойына.
Жүрек тербер бұл сэтте,
Сөз қонады ойыма.

Ата салттың арнасы,
Бірге толған бар жасы.
Мына игі бастама,
Жақсы дәстүр жалғасы.

Көш керуен – барға сын,
Балғын қанат талмасын.
Бәсірелі баламыз,
Алғы топтан қалмасын.

Періште бол қонып ең,
Шілде тойда болып ем.
Бүгін шаттық ерекше,
Тұсауқесер жолымен.

Жұлдыз жанған көгімде,
Муза болған көп үнге.
Зылиха апай елейді,
Кеше туған төлін де.

Ата-апасы қандай-ды,
Әке-анасы қандай-ды.
Әйгерімге сән сырға,
Жанболатқызы таңдайды.

Күмбір сандық қеудесі,
Жоқ қой мұлде теңдесі.
Апайға да кезінде,
Сырға таққан елдесі.

Жаңа ғасыр сырласы,
Күйтақандай тұлғасы.
Әйгерімге тағылды,
Зылиха апай сырғасы.

Айналайын балдырған,
Басқан ізің жаңғырған.
Ақ батамыз қабыл бол,
Көріне бер сан қырдан.



xxx

Ардың әнін айта алдым,
бардың әнін,
Арылмады алты ай жол арғымағым.
Шоң ортада шоқ жандым,
шырай беріп,
Мал құрапға жоқ екем, мандымадым.

Әйтеуір алғы күнге асығамын,
Таққан жоқ әлі ешкім басыма мін.
Барды бар деп айта алдым,
жоқты жоқ деп,
Нөсерлетіп, ақ жауын басыламын.

Корқыт тартқан қобызға үн қосып ем,
Ай ән салды,
табысып Күн досымен.
Толғауын тіршіліктің тербей берер,
Абыз күйге тұстім-ау,
күнде осы мен...

xxx

Күн жұлдыздан жарық сұрап көрмеген,
Көңіл патша –
алып ұшар көк дөнен.

Бет сипары, бетке ұстары көп кемшін,
Дилы жерді қалай ғана төр дер ең?!

Дариға күн дәру-шерін ұқпаған,
Дара шауып жасай алмас нық қадам.
Дәлдүріштер дандайсусы тыншымай,
Тыныс алмас тағдыр-талай құт далам.

Құресуге үйренсек те жас шақтан
Құресінге мың іліктім, қас тапқам.
Тас тыға алмай талай мәрте қойныма
Базар тойды баба жолмен бастатқам.

Берерім көп, аларым да аз емес,
Жалт-жұлт дүние!
Жылыстама жаз елес.
Жалтақ әуен, сыйызғы жел тәрк еттім,
Сыңсу біткен сездім енді саз емес...

Тіл назы

Тік шығып Тұран түтінім,
Көктөбе күйде шалқыттым.
Құрлықтан асып үкілім,
Буына бакыт балқыттым.

Айдарлы ұлды құл етпек
Дүшпаниң құтын қашырдым.
Далаңды тегіс тұл етпек
Дауылдың бетін жапырдым!

Тарихты тілдер түйіні,
Қауызға дәнек сиғандай.
Қаптаған хас жау дүйімі,
Көрмеген әсте иланбай.

Асырдым асқақ арманы,
Жалына жалғап ғасырдың.
Жұтылмау жолы таңдалды,
Тауга да, тасқа бас ұрдым!

Тағдырым – соққан кісенім,
Қырық бір жара құрсаулап.
Тайсалман – дәйім күш елім,
Ақса да қаным құр саулап!

Түркінің тәлеу төл тілі,
Төріне жетті көп елдің.
Тұменді сөздің төркіні –
Егемен елде бөгелдім!

Жарғы да, Жарлық аз емес,
Рахымы ташы хәкімнің.
Қайтарым, қарқын мәз елес,
Азабын таттым жат үннің!

Денеден болмай бар мінің,
Сіңіскен терең санаға.
Жазығы жоқ-ау жарлының,
Қарала! Мейлі табала...

Қайрылмас сұнқар қияғы,
Тереңнен тартса қарқынын.
Майрылмас тұлпар тұяғы,
Терменен үксе алқымын!

Күннен де жалын күн барын,
Ұрпағың үкса жүдә-дүр.
Түннен де қалған сыр барын,
Кемел жұрт білер – куәдір.

Фатиха – дұға киесі,
Бейқұт ел дарын барады.
Тәңірде тілім иесі,
Аламан шағым бар әлі!

Қайранда қалсам, құыста,
Тажалым таңға! Маған серт!
Қазағым, қарман, Ту ұста,
Қапыда қалсан, Саған серт!

Тілім бозаң болса да

Жан-жүйкемнің дәруі,
Түркі тілдің тәуірі.

Жұпнынысың,
жүдеусің.

Айдынның жок
сән, үні.

Абыз да кем үгіттер,
Дейтуғын: «Ей, түзік кел!».
Тұнлік-түйсік түмшалар
жетесіз кей жігіттер!

Рухқа нәлет келтірген,
Адам қалпын жел тұрген.
Мәңгұрт басқан ми дала,
Озендей-ау, сен жүрген.

Тұзде жетсе құрлыққа,
Үйде түсіп құлдыққа.
Қайран тілім қиналып,
Құрсауланды сұмдыққа.

Баба жолын көксеген,
Бүгін ұрпақ не істеген...
Тілім бозаң болса да,
Ертеңіме көп сенем.

Кұтысына көнілдің,
Кұйылар ма өр үнім.
Тағат таппай жортатын,
Күйіндемін бөрінің.

Келешегі көк сенгір,
Асыл ұрпақ ексең бір.

Дереу адым ашылмас,
Эттең көп-ау, көп теңбіл.

Бір-бірінді сөкпе де,
қима және өкпеге.
Қызыр тілім төрлөген,
Медине мен Меккеге!

Тәлімінде мін бар ма?
Тоқсан толғам жырларда.
Сен мәңгілік тірісін,
Аспан асты күн барда.



Сағымы ерек есіле

Сарыесік түсіп есіме,
Сағымы ерек есіле.
Жанарым жіпсіп кетті ме,
Қадалдың, қалқам, несіне?!

Жетіле өскен күндер-ай,
Жел жоқта өпкен күн мен ай.
Қыздарын қорып жүруші ед,
Аулақта, тұзде Тұндебай.

Жігіттік жырын қайталап,
Қиырға көз сап, ай санап.
Сынақ пен сертке берік ек,
Білмestен бойда қай талап?!

Ағайын еді бәрі де,
Жылдар ғой бөлген әріге.
Әйтеуір, менде жазық жоқ,
Казір де косам әніме.

Қаратал – өрнек өзенім,
Сынары едің көзенің.
Бал суың, балық – байлығың,
Бойымда құт-нұр, сеземін.

Жәлменде жүзген атымен,
Пышан-ер тізген хатымен.
Саумалдай самал саз туды
Жағанда жайран жатып ем.

Бәріміз бір-бір тұмармыз,
Сарыесік саған құмармыз.
Құйғанға тамшы толдық па,
Ұрпақтан ұлан сұрармыз?!

Сарыесік түсіп есіме,
Сағымы ерек есіле.
Жанарым жіпсіп кетті ме,
Қадалдың, қалқам, несіне?!

“ЖАҚСЫЛЫҒЫҢ ӨЗІҢЕ...”

(Аңыз-дастан)

I

Бұл өзі аңыз емес.
 Қара дат,
 Терен енсен –
 Дәуір табы,
 Фарасат.
 Айта қалсаң ақиқатты зәудемде,
 Демін жұтып,
 Жан атаулы тарасат.

Бір дәруіш болған екен бұл манда,
 Жақсылықты жұртқа тілер –
 Нұрдан да,
 Кезіп жүрер әр ауылды ай, апта,
 Алаламай жарлы,
 Тіпті тұлғаң ба.
 Қаталдықтан шықса да сол шегінен,
 Айтпаған-ды:
 “Мынау ханнан безінем”.
 Ханышаның қолы ашық күндері,
 Табатын-ды күлше наинан жеп үнем.

Мезгіл еді,
 Қарашаның қайтуы,
 Сол-ақ екен бірер лебіз айтуы.
 Ақ ордалы аспан үйдің ішінен,
 Бет қарыған ханышаның шайпуы.

“Бәле болды-ау басыма да бұл кезбе,
 Батасының бүрі тапшы,
 Құр кеуде.
 Бұл, бәтшагар, бар дей ме екен тегіннен,
 Шығып жатқан қара жерден құзде.

«Қой, “қакпанды” құрайын мен жолына,
 Қарай қапты-ау бүгін өзі қорына,
 Қара жолмен қайта оралмас етейін,
 У қосылған күлше ұстатып қолына!”

Көріп ханыша бірден көңіл бұрғанын,
 Алғыс айтып:
 “Бақытты бол, нұр ханым!”.
 Аңғармай-ақ кете берді дәруіш,
 Ханышаның қанын жұтып тұрғанын.

II

Ашулы еді,
 Қатулы еді ханыша,
 Бұл қылығы қазақ жүртқа, таныс, ә?
 Отагасы оралманты аң-құстан,
 Төртінші күн отырған-ды жан ұша.

Қара жолмен хан да жүрген, қара да,
 Сол дәруіш кез болады далада,
 Әл-дәрмен жоқ бір топ адам-қараға,
 Көзі түсті сұлық жатқан балаға.

“Жау шапты да,
 Алып кетті аттарды,
 Жан шығарға, дәруіш-ау, шақ қалды.
 Аман сақта мына ұрпак баламды,
 – деді хан ие, – бақи ғұмыр басталды”.

Күлше берді күннің көзін қалқалап,
 Тері ыдыста бірер жұтым бар шалап.
 Бала кенет көзін жұмды шалқалап...
 Алып жетті ханышаға арқалап.

III

Алдыменен ауыр деммен күрсінді,
Бөлме іші шыбын ұшпас үн тынды.
Оқталғанда баяндауға бар істі,
Хан әйелі тіс жармастан түсінді.

Әп-сэтте-ақ шашы кеткен ағарып,
Шыр айналған жаңын беріп, жан алып.
Шашын жұлып,
Бетін жыртып, айқай сап,
Хан сарайдан безе қашқан қарайып.

Сол кеткеннен оралмады,
Қайтпады.
Ел сабылып, ой-қыр кезді,
Таппады.
Көп ұзамай жас қабірді айнала,
Аппақ гүлдер діріл қаққан қаптады.

Содан бері көп етсе де күн-түндер,
Сыбыр-сыбыр сөйлейді еken бұл гүлдер.
Ауық-ауық тына қалып,
О, ғажап!
Жылайды еken және терең күрсінер.

Бүгін гүлдер шалынған-ды көзіме,
“Жақсылығың өзіңе, – дейт, өзіңе...”
Қан тамыпты,
Аспан төрден ақ гүлге,
Кете барды жүрегім де езіле.

Иә, солай,
Не құйсаң сен көзеге,
Соны ішесің –
Тұра білгін төзе де.
Онды шығар, кім біледі, мұндайда,
Ғайып болған,
Адамзаттан безе де...

1957 жылы дүниеге келген Әміре Әрін Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдады. Қазақстан Республикасы Президентінің “Алғыс хатымен” марапатталған, Сейдахмет Бердікұлов атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР “Спортына еңбекі сіңген қызметкер”. Республикалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. Қаратал ауданының Құрметті азаматы.

1999 жылы «Тылсым тыныс» атты деректі повесі, 2004 жылы «Тамызық» деген атпен өлеңдер кітабы және «Кенен жерім — Көксуым» деп аталған публицистикалық еңбектерінің жинағы жарық көрді. Әңгімелері мен өлеңдері өзге де төрт республикалық жинаққа енген.

Қазіргі таңда Алматы облыстық «Жетісу» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары.

Мазмұны

Бірінші бөлім

Тәуба Тәңір, жыр-жалын ғұмыр бердің.....3

Екінші бөлім

Кара жер ақ моншағын Айға тақты.....61

Үшінші бөлім

Аулақ барып келеді сыр ақтарғым.....141

**Ә. ӘРІН
МАЗДАҚ**

Редакторы Жомарт Игіман.
Техникалық редакторы Ришал Тұрғанбай.
Компьютерде терген Сақын Төкеева.

Әмбіре ӘРІН

Іеру, е 1.02.2007 берілді. Басуға 5.06 2007 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/2.

Таралымы 1000 дана.

ЖИИС «КУРСИВ»